

Өтепберген ӘЛІМГЕРЕЕВ

ДАЛА ДАУЫСЫ

*Өлкетанушы жазбалары*

351604аб

Ғ. СЛАНОВ АТЫНДАҒЫ  
ОБЛЫСТЫҚ ҒЫЛЫМИ  
ӘМБЕБАП КІТАПХАНА



“Арыс” баспасы  
Алматы  
2003

ББК 84 Қаз7  
Ә 55

Басылым Ұлттық Ғылым академиясы Ә.Х.Марғұлан атындағы Археология институтының Батыс Қазақстан экспедициясының қолдауымен жүзеге асырылды

Ә 55 Әлімгереев О. Дала даусы. *Өлкетанушы жазбалары.* – Алматы: “Арыс” баспасы, 2003. – 72 бет.  
ISBN 9965-17-089-4

Белгілі журналист, өлкетанушы Отепберген Әлімгереевтің жана еңбегінде Атырау, Маңқыстау өңірінің бұған дейін зерттелмеген кейбір археологиялық орындары жайлы әңгіме болады. Сарайшық қаласы, тым ертедегі Қызылүйік гибадатханасы, Тоқсанбай тұрағы, Иманқара басындағы қойылымдар, Аралтөбенің алтын адамы, Есік пен Берелден табылған ғажайып мұралар – тарихшылар, әсіресе, археологтар үшін соны жаналық. Бұл туралы аталмыш кітапта жан-жақты сөз етіледі.

ББК 84 Қаз7

© 4702250200  
446(05)-03

ISBN 9965-17-089-4

© Әлімгереев О., “Арыс” 2003

## ҚЫР ХИКАЯЛАРЫ

Белгілі археолог, талай шетелде боп, немістер, француздармен әлденеше бірлесе жұмыс істеген Зейнолла Самашев әуелден қулық, көлеңкемен күн көшуге жаралмаған жан. Бірде ол әңгіме үстінде: “Егер құдайшылығына келсек, Атырау жері әлі археологиялық жағынан зерттелмеген тың өлке. Ғалымдардың аз-мүз ізі қалса, тек Сарайшықта ғана, қалғандарының бәрі жылы жабулы, көбесі сәгілместен жатыр”, — дегені бар еді. Бұл мені көп ойландырды. Аз ба, көп пе, осы өлкенің өлгендерін зерттеуге, өшкендерін тірілтуге үлес қосқаным рас. Мүмкіндігіне қарай сөз еткен кейіпкерлерімнің бейіті болса, басына барып, жатқан жерін көруге, тәуап ету, ағайын-туыстарымен сөйлесуге тырыстым. Сойтсем, Атыраудың ой-қырында мен көрмеген, сөз етпеген батыр, ақын, өнер санлақтары кемде-кем екен.

Алайда, мұның бәрі көне болғанмен археология емес, сайрап откен бұлбұлдар, қол бастаған көсемдер, сөз тастаған шешендер, солар жәйлі әңгімелер ғана. Ал, археология дегеніміз не, археолог деген кім? Шынымды айтсам, бұл бұрын-сонды араласпаған, тіпті сөйлесіп, сырласпаған ғылымым, адамдарым. Тіпті олар кімдер еді деп іздеп едім, мен туған өлкеде ондай мамандық несі де жоқ екен. Керек десеніз, осы өлкеде туып, басқа жерде еңбек етіп жүрген жандар да кездеспеді. Біреулер қаламызда кашаннан бері тұратын В.К.Афанасьевті айтып еді, оның өзі де бұл ғылым десе бар-жоғы жүрегі ақ, қызығушы ғана екен. Сонда маманы жоқ өлкенің марқайған археологиясы, марапаттайтын мұрасы қайдан болады. Кісінің кісісі кашаннан халқымызда айтатын “Біреудің малын біреу ысқырып жүріп іздейдінің” керімен жұмыс істемей ме?! Жә, ол бүгін болмаса ертеннің ісі. Барды бажайлау, жоқты толтыру — ағалар ойланатын, кішілер қолға алатын шаруа. Тек соны ұмытпайық.

Менің басыма осы Самашев сынды археологтармен ел, жер көріп, барды бағамдап, көргендерімді көпшілік алдына жайып салсам қайтеді деген ой келді. Бірақ оным тағы да археология

емес, сапарнама ғана ғой, онымды жұрт қабылдай қойса. Дегенмен...

Сонымен әлгі айтқан Зекең жұмыс істеп жатқан Білім және Ғылым министрлігі – Республика Ғылым академиясының Ә.Х.Марғұлан атындағы археология Институты Батыс Қазақстан археологиялық экспедициясы құрамында туған жер қойнауына барлау жасау үшін жолға жиналдым.

Күн жексенбі еді. Кәдімгі қоңыр күздің мизам шуағы мөлдiреп, төгіліп тұрған шақ. Құрамында аталған экспедицияның жетекшісі, тарих ғылымдарының кандидаты З.Самашев бастаған бір топ ғалым мамандар және республика Ғылым министрлігі – Ғылым академиясы Батыс Қазақстан бөлімшесінің Ғалым Хатшысы, республика Жаратылыстану ғылымдары академиясының толық мүшесі Е.Ғилажев, мәскеулік археолог Л.Л.Галкин, барлығымыз 14 жан боп, үш автокөлікпен ұлы бесінде Атырау-Күлсары бағытында жолға шықтық. Мақсат – Жылыой бойындағы көне тарихи орындарға барлау жасау, Үстірттің үсті, Сам құмының терістігі, Шошқатау, Борсық құмдарына шейін иек сүйеп, көне орындарға қоз салу еді.

Екіндінің алакеуім тұсында Бекбикенің сусыған ақ шағылына жеттік те, түн ішінде бір қауым ел боп, Күлсарыдан не пәтуа табамыз. Кім бізді құдасындай күтіп, қызыл құырдағын күтіп, ұсынады. Одан да осы жерге ат байлап, бел шешейік деген шешімге келдік те, шатырларымызды құрып, қазан қотердік. Жұлдыздар жымыңдаған күзгі кештің ошағында жыңғыл шоғы маздайды. Біз содан айнала отырып, әңгіме тиегін ағытамыз. Алғашқы таныстық, сіз...біз...

Тегінде, экспедиция басшысы Зекең болса, табиғатында басшылықтан гөрі істің, онаша ойлап, дәл пішетін ғылымның адамы. Ал мәскеулік археолог Лев Леонидович дегеніңіз әуелден жалғыз жүріп, жатақ өскен, бірақ өйтеуір археология болса, сол бағыттағы жаңалық атаулы кездесе, ештеңені жапырып, бірдеңені бітірмесе де жарғақ құлағы жастыққа тимейтін елгезек жан. Әуелден керек тастың ауырлығы жоқ деп, кездескеннің бәрін қалтаға тығып, қарқылға басып жүре береді және бұнысы көп нәрсеңі жуып, шәйіп кете баратынға ұқсайды. Бір қызығы шопырларымыздың екеуі өмірдегі дүрдей бастық, бірі –

жоғарыда айтқан, Ғалым хатшы Есенғали да, екіншісі – облыстық теледидар және радио хабарларын тарату компаниясы төрағасының бірінші орынбасары Болат Нұрғазиев. Ол сонымен қатар телеоператор, көрген-білгенінің бәрін бейнетаспаға жазады. Бірақ, қызметті біліп жатқан ешкім жоқ. Жүргізуші өз қызметі, археологтар да өз жұмысымен әуре.

Далалық көже, қоңыр шәй. Қарны тойған жігіттер өз шатырдарына кіріп ап, ұйқыға кетті...

Жерге жарық түсе аспазымыз Марина ертеңге ас қамына кірісіп, жүргізушілер машиналарының моторларына үңілді. Ал Зейнолла болса, орнынан тұра сала басын төмен салған күйі түзге беттеп, тепеңдеп ала жөнелді.

Арада аз уақыт өткенде шәй де дайын боп, дастархан басына жиналды. Кештеу келген Зекең суыртпақтап сөз бастады: “Асылы біз осы арада әлі де жарты күндей аялдайтын шығармыз. Өйткені мұнда неолит және энеолит дәуірлерінің ескерткіштері мол екен. Бағзы тұрғындардың пышақ, қырғыш ретінде, садақ масақтарына пайдаланған тастар, керамикалық ыдыстар сынығы да бар”, – деп еді, манадан бері үнсіз отырған мәскеулік археолог “Не дейді, өз басым мынау меңіреу даланы аралағаным отыз жылға тақап қалды. Бірақ осы ку медиенде алты мың жыл бұрын адамдар тұрды деп есептемеуші едім. Бұл – жаңалық, ғажайып жаңалық” деп алдындағы кесесін ысыра салды да, ерте қозғалмаса бәрінен күр қалатындай тұра жөнелді.

Археолог дегеніміз қандай мамандық екен деп, кешеден бері ауыз ашып жүрген біз, орындарынан ошарыла көтерілген сапарластарымызбен бірге, ниет құбыла, ілесе кеттік. Арада аз уақыт өткенде Лев Леонидович алдындағы ақ тақырға 20-30 тас шақпақ пен керамика ыдыстар сынықтарын жайып салып, өзіне өзі “Жарайсың, Арыстан ибн Қарға! (Лев Галкинді қазақшалағаны) Бұл үлкен қуаныш” деп мәз болды.

Оның пайымдауынша неолит дәуірінде бұл өңірде мал шаруашылығы мен аңшылық кәсіп жақсы дамыған. Ал археолог Ойрат Ишманов болса “Шындығында мына жерде тек неолит емес, сармат, савроматтар кезеңінің де жәдігерлері көп. Прохор, суслов, сармат соңы кезеңі деп үшке бөлінетін сарматтар дәуірі біздің республикамызда бар болғаны бір-ақ процент мөлшерінде

зерттелген. Ал Бекбике соған қосылған соны жаңалық” дейді.

Осы арада Зекең де қарап қалмай “Айтса айтқандай, бізде басқа сала сынды ғылымда да кеше, керек пе, бүгін де тоталитарлық өпіремдік болды, әлі де бар. Оған дәлел ТМД-дан басқа елдердің бәрінде де қандай ма өндірістік құрылыс басталмас бұрын сол жерде алдын ала археологиялық зерттеулер жүріп, жердің қабаттары ғылыми тұрғыдан тексеріледі. Содан кейін ерекше белгілер байқалмаған жағдайда ғана құрылыстар жүруге мүмкіндік туады. Ал бізде ондай зерттеулер әлі күнге болған емес және жуық маңда болмайды да. Оның жарқын көрінісі мынау емес пе?” деп мұнай құбырлары тартылған тарам-тарам тұрбалар арасында шашылып жатқан адам қаңқаларын көрсетеді. Сайып келгенде осы қаңқа — сүйектердің өзі тарих толған сыр. Мүмкін ол неолит дәуірі болмас, бірақ қай дәуірдің болса да сырын ақтарар еді-ау. Әй, бірақ оның бәрін түсінсек, әрқайсымыз археолог болмас па едік?!

Осы кезде топографтар аталған аумақтың аэрожоспарын жасап, картаға түсірді. Фотографтар қолға тигеннің бәрін суретке басып, ал археологтар ондаған қалта шақпақ тас пен керамика сынықтарын олжа көріп, атқа отырдық. Бұл дәл сиыр сәске еді.

### ШЕЖІРЕЛІ ИМАНҚАРА

Ендігі бағыт — Күлсарыға таяп қалғанда терістікті бетке алатын күре жолмен Иманқара тауына жету. Ол әлгі айтқан айыр жолдан бар-жоғы алпыс, ал дәл осы арадан жүз шамалы шақырымда.

Иманқара — жергілікті тұрғындар тау десе де, теңіз деңгейінен 200 метр биіктікте орналасқан өркеш-өркеш жоталар шоғыры ғана. Ол ондаған шақырымнан мұнартып тұрса да ұшы-қиырсыз емес, бары екі-ақ километр. Әрине, мұндай жотаға көтерілу де қиынға соққан жоқ, үш көлігіміз де тас төбеге шауып шықты. Терістік беткейдегі қоңыр жотадағы көне қорғандар түбіне тізгін тартып, бел жаздық.

Осындайда ойға өткеннен жеткен көне жазбалар оралады. Онда анау Алтын Орда дәуірінің жиһанкездері Хиуадан Берке сарайға бет алғанда осы Иманқарадан Қайнарға құлап, Қайнардан

Ақтөбе, Сарайшық арқылы жүзбелі көпірден өткендерін еске алмаушы ма еді. Ендеше бұл Иманқара сонау ХІІІ-ХІҮ ғғ. бар және арғы-бергінің аялдап, керуен кідіртер бекеттерінің бірі болғаны сөзсіз.

Аталған экспедиция 1989-90 жж. осы арада қазба жұмыстарын жүргізіп, біраз жайларға қаныққан екен. Сондағы үлкен олжа – мұнда тым ертедегі, яғни жоғарыда айтқан савромат дәуірінде жерленген молалардың (үш алаңқайға орналасқан) орны табылған. Олардың жалпы саны 40-қа жуықтайды. Орналасу дәстүрі жағынан Орталық, Шығыс Қазақстанда көбірек кездесетін “мұртты” қорғандар дәстүрі мұнда да бар. Аталған жерде сегіз қорған орны қазылып, зерттелген. Соның бірі үш қабатты мола. Оның астыңғы қабатында ерлі-зайыпты отбасының сүйегі табылған. Отағасының жанында садақ жебесінің 19 ұшы (масақ), бас жағында қойдың артқы жарты денесі де, әйел мойнынан моншақ және аяқ жанынан әлгі қойдың алдыңғы денесі табылған. Археологтар тілімен айтқанда мұның көптеген сыр-күпиялары бар екен. Әрине, біз оқырмандарымызға туған жердің әр жәдігерінен ғылыми емес, жалпы түсінік беруді мақсат етіп отырғандықтан, олардың бәрін зерделей талдауды қажет деп таппадық. Бірақ осы қорғанда жерленген адамдардан садақ оғы (бір таңданарлығы олардың бәрі де тек 19 данадан), сондай-ақ кола айна мен шыны моншақ, қыш құмыралар табылып, олардың бәрі де шамамен біздің эрамазға дейінгі V ғасырда өмір сүрген адамдар және соларға тән заттар деген тұжырым жасалынған. Аталған бейіттердің қай-қайсысы да таудың ең биік жеріне орналасқан да, олардың қабырғалары әрбірі 60-70 киләлік темір тақылтес дәу тастармен өрілген. Ерекшелігі бұл жерге малдың ізі түгіл, құм борауы, шағыл басуы мүмкін емес. Содан да болар, олар әлі де ондаған мың жылдарды мұрты бұзылмай қарсы алар түрі бар.

Бұл – Иманқараның археологиялық ерекшелігі. Ал осы таудың күнгеі батыс етегіндегі жасанды үңгірлерді көрсеніз – тағы бір таңданып, ойға батарыңыз сөзсіз. Өйткені бұл үңгірлердің дәл қай жылдары қазылғаны белгісіз. Біреулер ғасыр басында ағылшын мұнайшы-геологтарының паналап, зат сақтауы үшін әзірленген десе, тағы біреулер тіптен басқа жорамалдар

айтады. Ені 2,5 метрден 12 метр тереңдікке баратын екі дәлізді, бес бөлмелі бұл үңгірге 1944 жылдың мамырында Ағаев бастаған немістердің диверсиялық десанттарының өз заттарын тыққандықтары белгілі.

### ЖЫЛЫОЙҒА ТҮСКЕН ДЕСАНТ

...1944 жылдың көктемі Кеңес Армиясы үшін қанша қиын, қатерлі болғанымен жеңіссіз емес еді. Күн өткен сайын жаудың беті қайтып, фашистердің кеңес жерінен аластатылып жатқан кезі. Бірақ герман армиясының қарсы барлау мекемесі мен шпиондық орталықтары қарап қалмай, кеңес тылында арандату, қастандық жұмыстарын жүргізіп отырды. Соның бірі — мамыр айының 2-нен 3-іне қараған түні осы күнгі “Жаңа таң” өндірістік кооперативі өңіріне жаудың обер-лейтенанты Әлихан Ағаев (бір кездегі атты әскер бөлімшесінің командирі, Мәскеу түбіндегі ұрыстар кезінде қолға түскен, шын аты-жөні Тілеумағамбетов Әмірхан, ал шпиондық диверсиялық жұмыста Ағаев, Иранов деген бүркеншік атпен жүрген) басқарған он төрт диверсант парашютистер тобының түсуі еді.

Аудан көлемінде бұл оқиғаны алғаш байқаған Қосшағыл кәсіпшілігіндегі ашық мұнай қоймасының әскери күзетшісі Иманәлі Бозтаев болатын. Сол кезде бар болғаны он жеті-ақ жастағы балаң жігіт бейуақытта аспан төсінде көкпенбек боп жүзіп бара жатқан “жұлдыздың” жәй нәрсе емес екендігін сезеді де аудандық ішкі істер бөлімінің жауапты кезекшісіне және милиция бөлімінің бастығы Тотай Декеевке телефон соғады. Таң атуын күтіп, тағат табатын шақ емес Т.Декеев тездетіп кеңсеге жетсе, жауапты кезекші аудандық ішкі істер және мемлекет қауіпсіздігі бөлімдерінің бастықтары Хамза Шоқанов пен Пётр Лукич Кочинге де тосын хабарды айтып үлгерген екен, олар да келіп қалыпты. Үшеуі сол бойда облыс орталығына телефон шалады. Ондағы қырағы көз жандар да түн жарымында батыстан шығысқа қарай көктей өткен бейтаныс ұшақтың бар-жоғы 2-3 сағатта келген бағытына қайта оралғанынан хабардар болып шықты. Шамасы, немістердің диверсиялық десанты болуы мүмкін. Себебі, мұндай күдіктің де жаны бар-ды. Бұған дейін осы облыстың Теніз, Новобогат аудандары мен Орал өңіріне түскен арандатушылардың мәлімдеуіне қарағанда кезекті топтың Жылыой,



Қызылқоға аудандары өңіріне де түсірілу үшін әзірленіп жатқандығы айтылған еді. “Ендеше тез арада аудан орталығынан оперативтік топ құру керек те Құлсары мен Ұялы ауылдық кеңесі бағыттарына аттандыру керек”, – деген бұйрық болды. Осы мезгілде Гурьевтен облыстық мемлекет қауіпсіздігі басқармасы оперативтік бөлімі бастығының орынбасары К.К. Шармай бастаған топ та алыстағы ауылға асыға аттанған-ды.

Бұл шақта жоғарыдағы орындар күдіктенгендей Ұялы ауылдық кеңесінде де айтарлықтай жаңалықтар бар еді. Ең әуелі сол кездегі Киров атындағы ұжымшардың Аманбай тоғайындағы егіс бригадасының адамдары Берденбай Жолжанов қария мен Өтсулі Дәденов, сондай-ақ, тағы да Қадыр Жаулыбаев, Бөртебай Қазыбаев деген кісілер мамырдың сәске түсінде Ұялыға кетіп бара жатқан жолдарында Нұржанқора деп аталатын мекенде жау десанттарымен алғаш рет кезігеді. Онда шақырусыз келген қонақтар өздерін біресе “Ақтөбе облысынан келе жатыр едік, түнде құдық іздейміз деп, жолдан бұрылғанда автомәшинеміз құм қауып, жүре алмай қалды”, – десе, енді бірде “Әскерден қашқан кісілерді іздеп жүргендерміз”, деп жалтарады да, сол бойда “Бізді көрдік деп ешкімге айтпаңыздар”, – деп тағы өтінеді.

Осы арада бұл күнде тіптен сарғайған, бірақ тарих сабақтарын көзге елестетер мына бір айғаққа да назар аудара кеткен жөн. Ол жоғарыда аталған Қазыбаев Бөртебайдың ресми орындарға берген түсініктемесінен алынды. “Автомат асынған, қызыл әскерше киінген үш адам алдымыздан шыға келді. Түнде машинамыз сынып қалды, көмектесіп жіберіндерші”, – деген соң сондарынан ердік. Жарты шақырымдай жүргенімізде тағы сондай үш кісі кездесті. Біреуінің капитан погоны бар, қалғандарында жоқ. Бірақ олар ештеңе сұрамады”.

Міне, мұның бәрі кездейсоқ жолаушылары жоқ тұз адамдары үшін күдік туғызбай қоймайды. Содан да болар, жоғарыдағы Берденбай қария бастаған жолаушылар хабарын алғаш естіген жылқы фермасының басқарушысы Байшыған Бектүрлиев пен сиыр фермасының бригадирі Байжан Атағожиев әлгі жайларды түп-түгел ауылдық кеңес төрағасы Есен Құдайбергеновке жеткізеді.

Осы уақытта облыс пен ауданнан шыққан оперативтік топтар да белгіленген аймаққа келіп үлгерген еді. Олар әлгіндей түрлі хабарлар барысынан бұлардың тек қана жау жағының десанттары

екеніне шүбәсіз сенеді. Жау десанттарының Жем өзенінің жағасындағы Нұржанқора, Аралтөбе мекендері мен Сарқасқа құдығы маңында жүргендіктеріне қанығады да алғашқы барлау жұмыстарын жүргізе бастайды. Ақыры 13 мамыр күні, ішінде біз әңгіме жасап отырған Б.Бектүрлиев те бар К.К.Шармай бастаған топ бүлікші десанттарды Сарқасқа құдығы тұсында кезіктіреді. Қалың қамыс арасынан ұра қазып, ұрысқа өзірленген жау жағы кұғыншы топты қол пулеметінен оқ жаудыра қарсы алады. Жерлестеріміз қарсыластардың құр қол, құрғақ сөзге беріле қоймайтынын сезеді, бірақ бағыттарын байқау ниетінде Байшығанды тілдесуге жұмсайды. Ондағы мақсат – елшілікке жүрген қария (сол кезде Байшыған елу сегіз жаста екен) оларға НКВД отрядының қарулы да мол екендігі, сондықтан еш қарсылықсыз берілуден басқа амалдың жоқтығын айтады да, егер дұшпандар берілсе, оларды қарусыздандырып, отрядқа алып келеді. Ал берілмеген жағдайда хабарын жеткізеді. Тіпті екеуіне де келіспей, елшінің өзін жібермей қойса, ол қарсыластар тобы арасында жүріп, алауыздық отын тұтатады, іріткі туғызады. Сөйтіп олардың түпкі мақсаттарының күйреуіне жағдай жасайды.

Расында да күдік соңы дәл келіп, диверсанттар оңайлықпен беріле қоймайды. Ағаев болса кұғыншыларға өздері туралы хабарды жеткізген Байжан Атағожиев екенін біледі де, қалайда оның көзін құртуды ойлайды. Өткені бейтаныс қонақтардың өздерін жергілікті жандардан бөлек ұстап “жасырынбақ” ойнауы шындығында да қырдағы қырағы бригадирді сезіктендірмей қоймаған. Соған орай оның осындай ойды ауылдық кеңес төрағасына барып айтқаны да рас еді. Ал Ағаев болса, сол ауылдағы әлде бір аузы жеңіл біреулер арқылы бұл хабарды естіп те алған-ды. Сондықтан ең әуелі Б.Атағожиевтің өзімен есеп айырысқанды жөн көрген топ жетекшісі Байшығанға да күдікпен қарап: “Сен шал ешқайда бармайсың бұлтақтасың, жазаң – өлім ғана”, – деп нағанын оңтайлайды. Қалпелімде не істерін білмей қалған Байшыған қария жандәрмен күйде кейінгілердің тапсырмасына сай қулыққа көшіп: “Інім, мені өлтіргеннен нең көбейіп, нең азаяр дейсің, одан да аз күн болса да қастарыңда жүріп, жол бастайын, осы араның бар жер жағдайы бес саусақтай қолымда”, – деп жылдырмалата бастайды.

Бұл ұсыныс Ағаевты ойлантып тастайды. Онсыз да асығып тұрған топ жетекшісі көп әріге бармай-ақ: “Ендеше қазір бізбен бірге жүріп, жол бастайсың. Бірақ байқа, сәл күдіктенсем атамын да тастаймын, өз обалың өзіңе, қазіргі бағытымыз – Алатау, Жем өзені бойы. Әйтсе де әуелі Атағожиевтердің үйіне баруымыз керек”, – дейді де желкесіне мылтық дүмін тақаған күйі елші шалды алдарына салады.

Бұлар жеткенде бригадир өз төрінде, ақар-шақар отбасымен кешкі шайларын жаңа ғана алдарына алған екен. Ағаев әп дегеннен үй иесін түрлі сауалдармен тығырыққа тіреп, қажетті жауаптар алуды қалайды. Бірақ бір кездегі қызыл әскер, құрметті бригадир оңайлықпен қармаққа іліге қоймайды. Салғыласып тұратын мезгіл аз, диверсанттар Атағожиевтің екі қолын артына байлап, Алатау асады. Кетіп бара жатып, Байшыған ауыл әйелдерінің біріне: “НКВД отрядының қаперіне саларсындар!” – деп бағыттарын да айтып үлгереді.

Жұрт көзіне түспеу мақсатында түнде жүріп, күндіз дамылдайтын бұлар көз ұшында көрінген мұнар тауға жету үшін екі күн бойы жортуылдайды. Жау жағының “Алатау” деп атасуруы – аталған аймаққа жетіп алса, біраз уақыт бой тасалап, амалдар еді де, содан соң қарап жатпай ел ішінде түрлі бүліншілік жұмыстарын жүргізу, нәтижесінде жергілікті халық арасында іріткі туғызу, қоғам болашағына сенімсіздік орнату, сондай-ақ осы өңірдегі тәулігіне 1300-1500 тонна “қара алтын” беріп тұрған кен орындарын істен шығару “Гурьев-Орск” мұнай құбыры мен “Қандағаш-Гурьев” темір жолын талқандау еді. Әу баста жергілікті жағдайды жақсы білетін Байшыған мен Байжанды осы мақсатта пайдаланғысы келген олар қос қарияны да біраз сілікпелеп көреді. Бірақ бұл екі “түтқын” өз дегендерінен қайтпай, қаскөй топты қайткенде жаңылдырып, Алатауға жібермей, мүмкін болса құғыншылар қолына түсіруді ойлайды. Мұны біліп қалған Ағаев ауылдан аулақта, өзге облыспен шекаралас Қаражар деген жерде еліне шүбәсіз берілген Байжан Атағожиевті атып кетеді.

Ал бар жұмыс тек жол бастау ғана емес, қарсыластар құрамында іріткі туғызуды көбірек ойлаған Байшыған болса, аптаға созылған азапты (диверсанттар өздері ұйықтағанда Байшығанды қашып кетпес үшін өре киізге орап, бастарына жастанып жатады екен)

жүрісте жау жағынан әр кеш сайын бірлеп, екілеп қашырып, ақыры тең жарысына дейін, ең соңында бесеуге дейін азаюына себеп болады. Мұның соңы шағын топтың Ақтөбе облысының Байғанин ауданындағы “Теректі” ұжымшарының Құлақши ауылы тұсында (Бір қарағанда ол Ақтөбе облысының Байғанин, Гурьев облысының Қызылқоға, Жылыой аудандырының қиылысқан жері, жергілікті халықтың тілімен айтсақ – Кенбай өңірі) қарулы топқа кезігуіне әкеп соқты. Бұл № 3 мұнай айдау құбырының бастығы Вениамин Алексеевич Пахоменко мен облыстық мемлекет қауыпсіздігі басқармасы оперативтік бөлімі бастығының орынбасары Константин Константинович Шармай жетекшілік еткен отрядтар еді.

Осынау диверсиялық десантты көрген және оларды күртуға қатысқан жандардың бірі, 2000 жылы дүние салған Атырау қаласының тұрғыны, милиция ардагері Ешмұқан Ескалиев. Ол К.Шармай бастаған отряд құрамында апталар бойы аталған топтың ізін кесіп, ақыры № 3 мұнай құбыры тұсында кезіккендерін айтады.

Кезлесу тарихы былай болғанға ұқсайды. К.Шармай бастаған оперативтік топ № 3 құбыр басында ерте ме, кеш пе, Ағаев бастаған топ қалайда келеді деген сеніммен күтіп жатады да, Т.Декеев жетекшілік еткен екінші топ олардың ізін кеседі. Осы кезде құбыр басындағы Тасқұдық ауылының аз ғана малын далаға бағымға алып кеткен қария кешкілік қоналқаға қайтып оралғанда өзгеше жаңалық ала келеді. Ол – өрістен қызыл әскерше киінген екі солдатты көруі еді. Солдаттар қарияға өздерінің Ағаев бастаған топтан қашып шыққандықтарын, бірінің осы арадағы Ораз деген қарияның баласы – Сәтмағамбет екендігін айтып: “Ауылды сағындық. Барайық десек үй маңында милициялардың жүргенін көріп, қорқып отырмыз. Айта барғайсыз, адалдығымызға сенсін, ешкімге зиянымыз жоқ. Мүмкіндіктері болса бүгін бізді осы арадан тұтқындап, алып кетсін”, – деп сәлем жолдайды.

Бұл хабар оперативтік топ адамдарының ойын сан саққа жүгіртеді. К.Шармай сияқты өзінен басқаға: “өлдім” десе де сенбейтіндер: “Олар әдейі алдап отыр, қазір біздің топ барғанда автоматтан оқ жаудырап, жусатып, қырып салады. Болмаса қарусыздандырып, оқ-дәрі, әскери, жұмыс күшімізді біледі”, –

деп жорамалдаса, жергілікті жартыкеш жандар: “Біреуі осы араның адамы болса да: “Балам, бармысың?” – деп дауыс сала жеткен шешесіне жексұрындық жасамас”, – деген пікір айтады.

Ақылдаса келе олар соңғы пікірге тоқтайды. Айтқанындай екеуі де еш қарсылықсыз беріліп, бар жайды анық айтады. Бірі Батыс Қазақстан облысы, Ілбішін ауданының Мақатаев деген қазағы да, екіншісі осы арада соғысқа дейін байланыс бөлімшесінде қызмет еткен, майдан даласындағы ұрыс кезінде қоршауда қалып, қолға түскен Сәтмағамбет Оразов екен.

Қолға түскен қос жігіт қарақшы топтың ұзын саны, азық-түлік қоры, қару-жарақтары туралы көптеген мәлімет бере отырып, сол түнгі айсыз қараңғыда артық азық-түліктері мен соғыс құралдарының Иманқарадағы үңгірде жатқанын дәл барлап, тауып береді. Олардың ішінде екі миномет, тоғыз автомат, жиырма бес граната, он тапанша, тоғыз винтовка, жиырма мың патрон, жеті мың сом ақша, басқа да заттар бар екен.

Мезгіл үшінші аптаға таялғанда облыстық мемлекет қауіпсіздігі басқармасының бастығы Иван Михайлович Гончаров пен Жылыой аудандық бөлімінің бастығы Петр Лукич Кочин жандарына Сапаровты алып, ұшақпен жау жағының ізін кессе, Құлақши тұсындағы шатқалда жайылып жүрген бейтаныс екі ат пен бір түйені көреді. Сөйтсе аулактан дүрбі салған “Қонақтар” күбыр жанында әрлі-берлі жөңкілген милиция, әскери жауынгерлерді байқайды да, қас қарайып, қозғалыс саябырлағанша шатқалдың көзге көрінбес терістік беткейлерінің біріне бой тасалап, тығылып отырғанды жөн санайды.

Көлденең көліктер шолғыншыларды бірден күдікке қалдырады. Сол бойда оперативтік топқа хабар жетіп, олар да аталған аймаққа келіп үлгереді. Барлау барған сайын тиянақталып, ара қашықтық жақындай түседі.

Уәде – арнайы тәртіп болмай оқ шығармау және диверсанттарды мүмкіндігінше тірілей қолға түсіру. Әйтсе де кейде жағдайдың ойлағандай оңала бермейтіні де бар ғой. Оның үстіне бұл “соғыстың” майдан даласына қарағанда, біріншіден кездейсоқтығы, екіншіден, қарабайырлығын да ескермеске болмайды. Бұл жолы да солай. Оған себеп – өз әріптестеріміз болды, – дейді Ешкең – Әлгіңдей бұйрық бола тұрса да қапелімде

абыржып қалған жолдастарымыздың бірі қарсыластарға қарай граната лақтырады. Бірақ бұрын-соңды мұндай ұрысты басынан өткермеген ол асып-сасып жүргенде жарылғыштың тұтану сақинасын жұлып алмаған екен, соған сай мақсат жүзеге аспады. Осының бәрін байқап тұрған Ағаев әлгі гранатаны жерге түскен бойда көтере сап, біздің қателігімізді түзеткен күйі өзімізге қарсы қайта лақтырсын. Абырой болғанда ол төбемізден асып түсті де арт жағымызда жарылды. Дәл осы кезде қарсыластарымыз бізге қарсы оқ жаудыра, уралап тұра келсін. Амал жоқ, біз де ұрыс бастадық. Қашан да көптің аты көп, жігіттеріміз ықтырып-ақ бара жатқан сияқты. Қарсыластар енді бой тасалағанды жөн көрді. Бірақ алғашқы қарбаласта-ақ үшеуі оққа ұшты, артынша тағы екеуі жер жастанды. Сөйтіп бесеуі де опат болды.

Кейіннен осы бір қиын-қыстау сәтті еске алған Байшыған ақсақал болса: “Жау жағы әуседегі жер бауырлай ұшқан кездейсоқ ұшақты көруі мұн екен, өздеріне тықыр таянғанын сезе қойып, мені сол бойда-ақ үйреншікті киізіме орап тастады. Бірақ ілкі сәттердегі опыр-топыр қозғалыс, қобалжу кезінде біреуінің аяғы тиіп кетсе керек, мен ылдиға қарай домалап кеттім де тарқатылған киіз құрсаудан босанып та үлгердім. Ұшып тұра айналаға көз салсам, алғашқы минөтте-ақ алымды жігіттерінің бірінен айырылған Ағасев екінші бір қаруласын қол пулеметімен өлік жанына қалдыра сап, өздері сай бойлап қашып барады екен. Мен де келесі сайда жайылып жүрген көліктерді көре сап, солай кара тұра жүгірдім. Мұнымды байқап қалған Ағаев: “Әй, шал, қайда қашып барасың?” – деген күйі автоматын маған қарай кезсей қалсын. Сол кезде аузыма қалай түскенін қайдам, әйтеуір: “Сіздерге тездетіп көлік жеткізейін деп...” – деген әлде бір алдамшы сөздің келе кеткені бар емес пе?

Бұнымды шындыққа жорыған ол: “Е, дұрыс бопты, біз жүгіре берейік, сен артымыздан қуып жетерсің” – деп одан әрмен қаша берді. Ал мен болсам, тақымыма марқұм Атағожиевтің торы аты түскен бойда осы маңдағы мұнай айдау құбырына қарай шоқыта жөнелдім. Бұл кезде өз еркімен берілмеген богде мінезділерде түп-түгел жер жастанып үлгерген еді, – дейді екен.

Иә, сөйтіп үш аптаға жуық адамдардың мазасын алып, бүкіл үш облысты дүрбелеңге салған диверсиялық топ құрыды. Онда

көрсетілген әрбір ерлік, соның ішінде туған елі. Отанның амандығы үшін өмірін қиған Байжан Атағожиев пен әр сағат, минут сайын жанын шүберекке түйіп, акыры адалдық жалауын желбіреткен Байшыған Бектүрлиевтің ерліктері қалай мақтап, марапаттауға да лайық. Олар қашан да ұрпақтар есінде мәңгі жаңғырып, жасарып отырары жақ.

Осы күні “Жаңа таң” акционерлік қоғамының алыс мал жайылымында, яғни анау бір жылғы қанды Қаражарда Байжан Атағожиевке арналып, ескерткіш белгі орнатылды. Аға ерлігі әркез еске алынып, жас ұрпақ алдында жырдай сөз болады. Ал Байшыған ағамыз болса, өзінің кіндік кесіп, кір жуған Ұялы жерінде мүмкіндігінше маңдайынан тер сорғалап, еңбек етті. Кейіннен құрметті демалысқа шығып, 1970 жылы 84 жасында дүние салды.

\* \* \*

Әңгімемізді осымен аяқтауға да болар еді, бірақ оқырман көңілінде Байжан мен Байшыған, Ағаев пен Оразовтар жөнінде, олардың кейбірінің кейінгі тағдыры, ұрпақтары туралы әлде де түрлі сұрақтар туындай ма деген ниетпен қосымша мынадай деректі де қаперге сала кеткенді жөн көрдік.

Алдымен Атағожиев жөнінде. Байжан бауырларының бәрі де бұл күнде сол өзі туып-өскен Ұялы маңы, Аккиізтоғай селосында тұрады, шаруашылық саласында түрлі қызметтер атқарады.

Бектүрлиев Байшыған ұрпақтары да баршылық. Біразы Атырау, кейбірі Маңқыстау, Батыс Қазақстан облыстарында тұрады.

Ал әлгі Ағаев (Тілеумағамбетов) болса, Атырау облысының Жылыой өңірінде туып-өскен. Мамандығы агроном. Бес ағайынды болған. Үлкені — Сембай. Ол — колхозшы, соғыстан бұрын қайтыс болған. Екіншісі Шайғыр, ол да өндіріс саласында еңбек еткен, сексенінші жылдардың бел ортасында дүние салды. Үшіншісі — Әмірханның өзі және Шәрбан мен Нәжімеден, олар да қазір жоқ. Бірақ бәрінен де үрім-бұтақ бар, Құлсарыда, Мақат, Доссор, Балықшы поселкелері мен Атырау қаласында тұрады. Біз олардың кейбірімен кездесіп, талай рет әңгімелестік. Сонда олар Әмірханның әуелден қиянатқа көнбейтін, не айтса да маймөңкесі жоқ, тіке сөйлейтін, бір қарағанда ұлтжанды, социализм, қызыл коммунистерге

жан дүниесімен қарсы, жоғарыдағыдай теріс пиғылдағы әрекеттері де тек осындай жеке пікірден туғандығын айтады.

Оның бұл іс-қимылдары кейіннен елдегі тұма-туыстарының бейбіт, тыныш өмір суруіне кесел келтірген. “Қайда барсақ та алдымыздан: “Сендер қоғам жауының ағайынысындар”, деген қоқан-лоқыға толы үрей сөз шығып, небір қолайлы жұмыстардан қуылдық та отырдық. “Мысалы, мен бұл ауылға 1944 жылы келін болып түскенмін. Жолдасым – Нәжімеден ол кезде Доссорда аудандық ішкі істер бөлімінде милиционер болатын. Амал не аталған диверсиядан соң, бәрінен де қуылды. Көшеге шықсақ көзтүрткі, жеккөрінішті болдық та жүрдік. Ақыры күйеуім осы қинаятқа шыдай алмай 1946 жылдың жазында дүние салды”, – деп еске алады осы күні Балықшы поселкесінде тұратын Зеріп апай.

Расында да осы күні жасы 80-ге тақап, жақсылық пен жамандықтың талайын көзбен көрген әжейдің бұл сөзінде еш қоспа жоқ екені белгілі. Бірақ Әлихан ойының түп төркінінде ағайындарға деген қиястықтың жоқтығы, бар-жоғы туған халқына деген тәуелсіздік, егемендік жолындағы алып-ұшпа сезім отының бары анық. Дегенмен, осындай әу бастағы игі мақсаттардың уақыт өте өз қандастарына қуаныш емес, қайғы, ауыз тұшытар бал емес, сор болғаны қандай өкінішті. Осындайда ойымызға халқымыздың: “Ойламаған от басады”, – деген даналық сөзі оралады. Шіркін, бәрін де он өлшеп, бір пішкенге не жетсін.

Келесі кезекте Сәтмағамбет Оразов болса, ол Тасқұдықтағы Ораз Есенғалиев деген кісінің ұлы. Қарияның өзі 1986 жылы дүние салды. Қарагүл атты інісі әлі күнге сол Тасқұдықта тұрады. Сайып келгенде, Сәтмағамбеттің де санасында сартаптанған дұшпандық емес, есесіне қайткенде тыныш жатқан туған жер төсіне жету, ата-анасының қасында баяғы бала, сәбидей пәк күйінде күн кешу ниетінің жатқаны анық.

Сәтмағамбет үйленбеген, өкінішке қарай оның сол 1944 жылдан кейінгі тағдыры бізге белгісіз. Бірақ билетіндер болуы мүмкін. Ондай жандар болса бізбен хабарласып жатса тіптен құба-құп.

Жоғарыда әңгімелегеніміздей, милиция ардагері Ешмұқан Есқалиев Атырау қаласында 2000 жылдың орта шеніне дейін өмір сүрді. Бұл күнде Доссор поселкесінде тұратын Ілияс Қаржаубаев, басқа да онның үстінде жігіт боп, аталған оқиғаны басуға, кейіннен



Қызылқоға ауданындағы Саркөл маңына түскен жау десанттарын ұстауға қатысқан. Осы еңбектері үшін республика Жоғарғы Кеңесінің Құрмет Грамотасын иеленген.

Ешмұқан аға сол бір тынымсыз түндер мен күндерді еске ала отырып: “Саттаров (жағарыдағы диверсанттардың бірі) маған: “Бәріміз де азаматпыз ғой, өмірде не болмайды. Қателесу де, құанышты сәттер де аз болмас. Міне, мен де сондай шақтарды өз басымнан өткізудемін. Сен азаматтық жасап, мына хатты Балқаштағы қалалық партия комитетінде хатшы боп істейтін қарындасыма салып жіберерсің. Қыз бала ғой, ағасының амандығын білсін. Ішінде: “Аман-сау, тірімін”, – деген екі сөзден басқа ештеңе жоқ, – деп қолыма соңғы аманатын ұсынып еді. Бірақ мен ол аманатты орындай алмадым. Өйткені желкемізден көзін сүзіп, басқан ізінді аңдыған өзге жандардан қаймықтым. Бөріге де жан керек деген емес пе. жақсылық жасаймын деп жүріп, өзім де солардың кебін кисем қайтемін деп сескендім. Бірақ оның: “Бәріміз де азаматпыз ғой, басымыздан не отпейді, бір жақсылығыңды жаса. Қыз бала тілекші ғой. Ол да менің тірі, не өлі екенімді білмей, камығып жүрген шығар”, – деген жалынышты сөзі әлі күнге құлағымнан кетпейді. Азамат боп, аманатты орындай алмағаным өкінемін”, – деуші еді.

Сайып келгенде, сол бір ой бізді де мазалайды. Ие, ол да сын сағат, біреуді біреу баққаны да рас, ол үшін ешкімді де кінәлай алмайсың, әр заманның өз сұрқылтайы болады емес пе!?

Міне, біз тұрған үңгірге байланысты осындай да оқиға болған. Оны бүгінгі ұрпақтың бірі білсе, екіншісі білмейді. Бір сәт оны да еске ала отырғанды жөн көрдік.

\* \* \*

Иманқара етегіндегі осы үңгірден суыртпақталып сәскелікке сарнаған жол шығады. Ол сізді текті табиғаттың өзі бейне фарфордан құйып, сомдай салған сұлу галерея-бортауларға алып келеді. Бортауларды тамашалау – ғажап-ақ. Әсіресе, күзгі күннің кешкі шапағында назар салсаңыз, сол бір сұлу суреттерден көз айыру тіпті де мүмкін емес. Аяқ астындағы теңіз кірпісінен аумай қалған ашы шөптер әлгі әдемілікті одан бетер әсерлендіріп, сізді мүлде өзге әлемге алып кетеді. Асылында,

бұл жер өткен уақыттарда теңіз түбі болса керек. Тарихта айтылатын бір кездердегі Орал тауларына дейін созылған әйгілі Тетис мұхиты мен кейіннен шалғайын жиып алған Қаспий теңізінің тірі дәлелі осы бор таулары-ау дейміз біз.

Сөйтіп шындары көк тіреп, бастарын бұлт шалмаса да, шалқайып жатып, бар сырды ішке бүккен Иманқара мен Қойқара артта қалды. Одан әрі Қайнар, шығысында Жұбан тамы, күнгедейінде Дүйсеке күмбезі бар. Бұлардың қай-қайсысы да тұнған тарих, түбегейлі сыр.

Мысалы, 1974 жылдан республикалық есептегі сәулетті ескерткіш ретінде мемлекеттік қорғауға алынған күмбезінің биіктігі 7,7 метр, ішкі кеңдігі 5,8 x 6,65 метр Жұбан тамын ХІХ ғасырдың аяғында Адайдың Қараш, Ескелді аталығының Нұғыман ұста бастаған талғамы биік, сергек сезімді онға тарта сәулетшісі салыпты. Қариялардың баяндауына қарағанда бұл күмбезді салуға 20 мың теңге ақша, 10 жылқы, 122 қой, 1 пұт шай, 15 пұт кант жұмсалған көрінеді. Сайып келгенде оқу-тоқуы жоқ далалық данышпандардың осындай еш шеге, тіреусіз бой көтерген ғажайып ғимараттары еріксіз таңдай қақтырады.

Қайнар бойы, мынау Ақкиізтоғай, одан әрі Жемді жағалап, Үстіртке ассаң 150-200 жыл бұрынғы талай асылдарға берілген астар, ондағы жүздеп тігілген киіз үй, күбілеп пісілген қымыз, табақтап жеткізілген сыбаға, шашасына шаң тимеген шабыс аттары мен таңдайына бұлбұл қондырған әнші-ақындар, билер мен шешендер, оларға тартылған тайтұяқтар мен күміс теңгелер еске оралар еді. Асылы, ата салтын ауызға алып, өткеннен ой өрбіткен қазіргі кезеңде осы күнгі ас беру мен өткенгі ата-баба салтындағы үрдістің айырмасы, оның мәні мен ерекшелігі, міне, осы турасында да аз-мүз айта кеткен жөн сияқты. Өйткені түрлі әдебиеттер мен басылымдарда тек еске алу тойы сияқты болып кеткен қазіргі ас берулердің әу бастағы мән-мағынасы жәйлі өте сараң және салғырт жазылады.

## АС БЕРУ – АТА ДӘСТҮРІ

Халқымызда көне дәуірден бері келе жатқан ежелгі тұрыптардың бірі – ас беру. Ол дүниеден өткен адамдарды еске түсіруге арналған салт. Егер ас берудің саяси-әлеуметтік астарына мән берсек, ол, алдымен, шығысы мен батысына ұшқан құстың қанаты, жүгірген аңның аяғы талатын айшылық алыс аймақты алып жатқан қарға тамырлы қазақ елінің өзара достығы мен бірлігін жыл өткен сайын жақындата түсу, әр әулет, өңірдің салт-дәстүрін өзгелерге паш ету, қала берді қаза арқалаған ауыл-аймақ, тегіренің бастарына түскен ауыртпалығына өзгелердің ортақтасып, олардың қайғы-мұңын бөлісу, дүниеден озған игі жақсының онегелі тұстарын ескеру арқылы оны кейінгі ұрпаққа үлгі ету, елге деген құрмет үрдісінен туған игілікті іс екені сөзсіз. Тоқырау заманында қаншама адам “әкесіне ас берген” деген желеумен жазаланып, “кері тартпа”, “діншіл” атанды. Солай десек те ас беру үрдісі әлі күнге өз мәнін жоя қойған жоқ. Бірақ атын өзгертіп, көп жағдайда жалқыдан жалпыға ауыстырып, мемлекеттік деңгейде атап өту үрдісіне көштік. Мәселен, жеке жағдайда “бәленшекеннің жылы”, “еске алу күні”, “мүшелді мерсей тойлары”, көпше түрде “100”, “125 жылдық”, тағысын-тағы деп жаңаша айдар тағып, атаймыз, тойлаймыз. Былайша айтқанда бұл аты өзгерсе де заты қалған, яғни өркениетті елдерден алған, бұрынғы бар нәрсемізге таңған жаңа атауымыз.

Дәстүрде ас көбіне – көп кезінде еліне елеулі, халқына қалаулы, көп жағдайда жасы үлғайып барып қайтыс болған ер адамға арналып берілген. Яғни бұл өлген кісінің артын күту салтының қалың қауымға арналған, қайғыдан гөрі салтанаты басым соңғы рәсімі. Осыған сай мұндайда ас берудің соңы жақсы мағынасындағы, кейінгі ұрпақтың бақытты, шат-шадыман өмір сүруі үшін деген тілекпен шын мәніндегі үлкен тойға ұласып, айтулы аламан бәйгелер өткізіліп, кокпар тартылған. Алтынқабактар ойналып, (палуандар белдесіп, ақындар айтысқан. Бірақ кейде сирек те болса, әйел адамдарға да ас берілген. Ондай жағдайда жоғарыдағыдай ойын-сауықтар өткізілмей, тек ас арналған адамның қадір-қасиеті ғана еске алынып, ұлығыланған.

Халық арасында ас берудің өзіндік ерекшеліктері бар. Мысалы, қай уақытта да ас беру жиыны дүйім жұрт, қалың елге күні бұрын, ай, тіпті бір жыл бұрын хабарланып, сауын айтылады. Міне, мұның өзі әзірлік, бұдан әрі ас беруші қауым алдын ала ел ағалары үлкендер болып, бас қосып, ақылдасқан. Онда ас қайда, қашан беріледі? Кімдер шақырылып, қанша қаражат жұмсалады. Сойыс малы, тігілстін киіз үй, өткізілетін ұлттық ойын түрлері, сайыстар, оған берілетін байрақтар түрі анықталып, белгіленген. Соған сай қай өңірден келген қонақ, қай үйге түседі, оларды кімдер күтетіні, асты басқаратын кім, бәрі-бәрі күні бұрын анықталып отырылған. Мұндайда ас беру кезінде, бұрындары кейбір өкпе-назы ұлғайып, дүрді аразы көбейген ағайын, ру арасындағы кикілжіндер де жуылып-шайылып, өзара келісімге келтіріліп отырылған. Бұл да ас берудің тәрбиелік мәнінің бірі болып есептелсе керек.

Сан ғасырлар бойы қалыптасқан, халықтың қанымен біте қайнасқан береке-бірлік ұйтқысы болып табылатын ас беру дәстүрі тек бір өңір, аймақ емес, күллі қазақ халқына тән. Республика шеңбері емес, шет елдердегі бауырларымыз да бұл істі еш уақытта ұмытпаған. Мәселен, Монғолияда 1926 жылы ірі бай Молыбайдың Бұрылбайына ас берілгенде, керейдің 12 баласына бір жыл бұрын сауын айтылып, ас он күнге созылған.

Ас беру рәсімі басталар алдында байдың екі қара жорғасын алтын, күміспен әшекейлеген ер-тоқымы және өзі тірі кезінде киіп жүрген киімдерімен тұлдап, ірі молдаларға құран оқыттыру арқылы жаратылған.

Ас беру кезінде күніне 200 қой, 80 жылқы сойылып, 300 сауын бие байланған, 200 қыз-жігіт, келіншек қызмет еткен. Бұрылбайды жоқтап, дауыс қылуға 150 әйел қатысып, аста 480 жүйрек бәйгеге қатысқан. 200 палуан күресіп, қонақтарға 80 жорғамен тамақ жеткізіліпті. Бәйгеде 450 атқа байрақ, бірінші орынға екі жамбы (бір жамбы 50 қойға тең), 2 ат, 8 өгіз, ал ең соңғы орынға 5 тайынша берілген.

Домбыраның бас жүлдегері бір жүйрік ат, қалғандары тай, шапанмен ұлығыланған.

Соңғы кезде кейбір мерзімдік басылымдарда халқымыздың ас беру ғұрпы және оны бүгінгі өмірімізге жаңа қырынан енгізу туралы жиірек жазылып жүр. Бұл дұрыс та болар. Осы арада аталмыш

ғұрыптың бір кезде біздің өңірімізде де өткізіліп тұрғанын ұмытпауымыз керек. Соның біразы қазіргі Ойыл өңірі, Сағыз, Мұқыр, Жылыой аймағында болғанға ұқсайды. Кәрі құлақ абыздар аузынан естіп, түрлі басылым беттерінен оқығандарымызды жинақтап, жұртшылық назарына ұсынғанды жөн көрдік. Өйткені халқымыздың ас беру рәсімі жәйлі көптеген адамдар біле бермеуі анық. Сондықтан оны үлкендер жағы еске алып, жастар жадында сақтағаны дұрыс-ау деп ойлаймыз.

Откен кезеңде өңірімізде ас берудің ірілі-ұсақты саны көп болған. Соларды кезең-кезеңге бөліп қарағанда 1750-1850 жж. аралығында Маңқыстаудың ойын ескермегенде тек Үстірт, Жем, Сағыз, Көкжар бойының өзінде теңдесі жоқ тоғыз ас берілгенге ұқсайды. Олай деп бөле-жара қараудың басты себебі, әлгі астардың әр қайсысында 750-ден 1000-ға дейін үй тігіліп, күллі Кіші Жүз өңіріне сауын айтылған. Атал айтқанда Жем бойындағы Ақкиізтоғай түлейінде 1756 жылы Жанайұлы Қожаназарға арналып берілген асты әлі күнге алдияр қарттар ұмытпайды. Қожаназардың жеті баласы болған екен. Аталмыш асты ортаншы ұлы Таған басқарып, оған Кіші жүз ханы Нұралы да шақырылады. Бір ерекшелігі — хан күймесі тоқтаған жерден ол демалатын үйге дейінгі аралық, киіз үйдің іші-сырты, көлеңкелеріне де ақ киіз төселіп, жабылған. Асқа бір мың ағаш үй тігіліп, 2 мың қой сойылған. Бес жүз ат шапқан аламан бәйгенің бас жүлдесі — жүз жылқы болса, оны баласы Шонтының көк биесі иемденіпті. Кейіннен бұл түлей жоғардағыдай мол және бір өнді төсеніштің құрметіне есте қалып, Ақкиізтоғай аталып кеткен.

Екіншісі — Оймауытта Мұңалдың Шоғы Қарабасқа берілген ас. Ондағы аламан бәйгенің бас жүлдесіне 50 түйе, 250 қой тігіліп, байрақты табын ағайындар иемденіпті деседі. Ал Қаракұмның Азнағұл деген жерінде Ақботаұлы Қозыбайға арналып берілген үшінші аста қанша мал сойылып, үй тігілгені, болмаса мүше үлестіріліп, байрақ берілгені дәл айтылмайды. Бірақ халық аузындағы:

*Ауылдың ақсақалы бай Төлеген,  
Ауылы ерте көшіп, кеш жөнлеген.  
Ағасы Қозыбайға ас бергенде,*

*Қонақты ат пен майға бес бөлеген,* — деген өлең жолдарына қарағанда осал болмаған сынды. Ас берген баласы — Аман көрінеді.

Төртінші ас Байұлына қарасты елдің нақ ортасы деп Мұқырда Сүйінкара Үргешбайұлына арналып беріледі. Онда 900 үй тігіліп, үй басына малдан басқа бір-бір саба қымыз, шұбат үлестіріліп, оны батырдың ұлы Жалантөс Көтібар басқарғанға ұқсайды. Бас бәйгеге тігілген үш жүз қойды өз тумаласы Кенбайдың күрең аты алып, ол ошақ басына қалады.

Матай Жамбозұлына арналып Сағыз бойындағы Терісаканда берілген асқа Әлім мен Табын, Байұлы мен Жетіру баласы түгел шақырылып, шамамен 900 үй тігілген. Хорезмнен күріш пен өрік, басқа да көзі аз дәмдер алдырылып, үй басына бір шелектен үлестірілген, қозы қарын сары май таратылған. Бас бәйгеге бір өнді 50 айыр түйе тігіледі де оны Матайдың кәрі әкесі Бокқарамен күда Кете Әжібайдың ала аты иемденеді. Бәйге сый ошақ басында қалады.

Барақ Дөң баласына берілген астың да өз срекшеліктері бар. Ойткені Барақ кезінде әлді адам болып, бірақ кейіннен малы жұтқа ұшырағанда бар болғаны үш мың жылқысы қалыпты. Олардың түсі өңкей көкала екен. Бәйгеге екі жүз жылқы тігіліп, байрақты інісі Райдың Қырқарту деп аталатын аты иемденіпті. Ат сол кезде 17 жаста екен. Жасынан тентектеу өскен Рай ағайындарының айтқанына көнбей алты көштік бәйге төрінің бел ортасына үй тіктіріп, бәйге атын күтіп алады. Бұл кезде Қырқарту өзге бір сәйгүлікпен үзеңгі қағыстырып, әбден болдырып келеді екен. Рай оздырам деп ат қосып, жетектейді. Сойтіп, мәрәні де алғаш боп кеседі. Амал не, әбден қарттығы жеткен сәйгүлік сол жерде окпесі өшіп, жантәсілім болыпты.

Бұдан әрі Сағыз бойында тағы да екі ас беріледі. Оның бірі Наршөккенде Бекболат Құдайбергенұлына арналса, екіншісі Қайнарда Тастемір Назар баласына беріледі. Артынан 16 ұл орбіген Бекболат асында әр бес үйге қонақ асынан басқа бір-бірден ту бие үлестіріліп, бәйгені Жарыпшыққан бойындағы Ысық ағайындар иемденген. Ал Тастемірге арналған екінші аста бір мың киіз тігіліп, сойыстық үстіне үй басына бір пұт ақ ұн, бір қозы қарын сары май берілген. Інісі Шотан батырдың шұбар аты бәйгеге тігілген 100 түйені иемденіп, байрақ ошақ басынан аспаған.

Тоғызыншы ас Шаңқалада атақты шешен Сейіт Есенұлына арналып берілген.

1850-1900 жж. аралығында аталған өңірде ұзын саны 500-300 үй тігіліп, 12 ас берілген. Солардың біразы Сағыз бойында аталып өткен. Аққудықта Боран Есенгелдіұлына арналып берілген ас бәрінен де ірісі деп есептеледі. Онда бас бәйгеге 500 сом күміс ақша, бір ат, бір нар тігілген жүлдені Жанайдың әйгілі атбегісі Барахаттың (біреулер Фархат деп те атайды) көк байталы иемденеді. Осы аста Боранның інісі Төлек Барахатқа:

*Ас қайда Барахатқа той болмаса,*

*Торы аттай жүз қойға алған сый болмаса.*

*Бәйге алу кез-келгенге қиын сауда,*

*Қорада мыңнан-мыңнан қой болмаса, — деп ғайбаттайды.*

Бірақ Барахаттың көк байталы мәре сызығын бірінші боп кескенде, жалған айтқан тілімнің айыбы деп астындағы құла қасқа атын күміс ер тұрманымен Барахатқа миңгізіпті деседі. Қайнар бойында Досжан Қыдыршаұлына берілген астың да айтар сыры мол. Досжан баласы Есіркеп арқа бойына көше бермей Үстірттің ойын қоныс еткен байырғы түгіннің бірі болса керек. Бірақ әкесіне ас беру ниетінде Кіші жүздің кіндігі — Сағыз бойына барғанды жөн көреді. Бірақ асқа сауын айту бар болғаны бір ай бұрын хабарланса да бәйгеге тігілген байрақ та, қатысқан халық та мол болса керек. Қайнар бойында сол мекен әлі күнге Досжан ошак деп аталатын көрінеді.

Ал Қосай ауыланың Жем бойында Жұбан Еламанұлына берген асында (Осы күнгі мемлекет қарауындағы Жұбан тамы дәл сол кезде салынған) 400 үй тігіліп, аламан бәйгенің жүлдегеріне 50 жылқы байланған. Байрақты Кете Дауылбайдың аты алған. Ол осы Жем бойындағы Сарниязда Қаржау ауылының Қуандық Амандықұлына, Қайнарда Есен Бозайұлына, Қаракүмдағы Азнагүлде, Жолболды Қонысбайұлына берілген астарды айтар болсақ, бұлардың да есте қалар ерекшеліктері болған. Әсіресе аламан бәйгеге 200 сек байлаған соңғы рәсімде бұған дейін сөз еткен Сүйінғара ұлы Көтібардың торы аты басқа аттардан оқ бойы бұрын келіп, қаракшыны бір айналды дейді. Сонда көрермен қауым “Мына атқа бүгін қанат біткен шығар, не деген пырақ еді”, — деп жағаларын ұстаған. Мындай астар өткен уақытта Маңғыстау өңірінде көп берілген.

Ас берудің біздің ғасырымыздан бергі кезеңін 1927 жылға дейін маңғыстаудың күйма құлақ қариясы Алшын Менделиевтің Қазақ ССР Ғылым Академиясына берген деректеріне орай ұзын саны сегіз деуге болады. Алшын атамыз олардың бәрін де көзбен көрген. Солардың алғашқысы Жем бойындағы Сарнияз деген жерде Мөтекке берілген ас. Онда әр үйге тамақ үлестіріліп, мал сойылып қойған кезде “Ақмешіттегі Саламат қажы қайтыс болды. Ертең намазы” деген хабармен қонақтардың бәрі де сыпырылып орындарынан тұра-тұра кете барады. Содан арада екі күн өткенде әлгілер қайта оралады. Тағы да әр үйге дәм-түз, шәй-секер үлестіріліп, мал сойылады. Бәйге болып, жүлдеге тігілген 500 күміс ақша мен 20 камқа жаға, торы байталы озып келген Жанайұлы Әлінің қанжығасында кетеді. Ал палуандар белдесуінде Мәмбет Сүгірұлының беделі үстем болып, бір нар мен шекпендік кездемені меншіктейді.

1918 жылдың күзінде арасына ай салып Қайнар мен Қоңыраулыда екі ас өтеді. Бірі Қыдырұлына, екіншісі Оразалы қажыға арналады. Әрбірінде 600-ден үй тігілген бұл астың соңғысында бас бәйге – 25 мың сом Керенский ақшасы, немесе 50 жылқы, бір нар болып белгілінеді.

1922-24 жж. аралығында Қоңыраулыда Жұбанның Жамына Шұқыркелде Қошанға, Жемнің Берілағында Боқышқа арнап, үш ас беріледі. Олардың әрқайсысында 300, 500, 800-ден үй тігіліп, аламан бәйгенің жүлдесіне 30-50 жылқыдан беріледі.

Боқышқа арналған ас өлкеміздегі ең ірі және ең соңғы ас деп есептеледі. Мұнда бас бәйгені Қотырбастың қортық аты алып кетсе, екіншісін – Боқыштың жирен аты, үшінші, төртінші орындарды Мықтыбайдың кер аты мен Әбдірдің шабдары иемденеді.

Бұл айтылғандар – соңғы екі жарым ғасыр ішінде өлкемізде, яғни Атырау өңірінде берілген астардың ең ірілері. Дегенмен сонау ноғайлы заманынан табан аудармай өрісі мен өртеңін өзгертпей отырған 25 рулы ұлтанды аймақта бұлардан басқа да ауыз толтырып айтарлық асқан ірі мазмұнды астар болуы ықтимал. Өйткені біздің байқауымызда қай қария ас туралы айтпасын тек өз руы, өңіріне қатысты көрген-білгендерін ғана сөз етеді. Ал мұндайда өзге жердегі өнегелі астар жәйлі әңгіме болмай, тіпті ұмытылып қалуы да ықтимал.



Расын айтсақ, біздің жоғарыда келтірілгендеріміз өз өлкемізге қатысты болған соң, түрлі тарихи құжаттар мен баспасөз материалдары, қариялар ауызынан естіп, көріп жинақтағанмыз. Осындайда өз ортамзда сол астарды, әрине, қазіргі емес, сонау халықтық дәстүрдің қаймағы бұзылмаған 1920-1925 жылдарғы астарды көргендер бар ма екен, болса кімдер, қайда деген сұрақтар туады.

Әрине, уақыттың өзі біраз болды. Кеңестік қыспаққа дейінгі соңғы асты көргендердің өзі де тоқсаннан асып, жүзге жетті. Ал ондай жанысірі, құйма құлақты өз арамыздан таба қою да қиын. Бірақ күні кеше ғана арамыздан өткен Атырау қаласының тұрғыны Исләмғали Кереев сондай жан еді. Ол Тайсойған құмының түстігіндегі Саркөлде дүниеге келген. Көрген-білгені мол, жастай билікке араласып, ат арқасында жүрген айтулы тұлға-тын.

— Мен, — дейтін ол, — өзім өскен Тайсойған мен Саркөлдегі талай жиынтой, ас берулерге қатыстым. Бірақ есім білгелі мың үй тігіп, жүздеп қой айдаған, уыстап теңге үлестірген ас беруді көргенім жоқ. Шамасы бәрі де заманның шарғасы, уақыттың билігіне сай көсілсе керек. Әйтсе де Саркөлде — Ораз, Әлжан, Тайсойғанда — Бисен деген ірі байларға ас берілді. Шамамен 40-50, тіпті жүз шамалы үй тігілді. Оларда түске дейін де ат шабыс, палуандар күресі, алтын қабақ ату, тағысын тағы ойындар өтеді.

Түстен соң қонақасы беріледі. Сол күні бәрі де бітіп кетеді. Өз басым екі-үш күнге созылған ас беруді көргенім жоқ.

Міне, бұл өлкемізде өткен соңғы астарды көрген қарияның сөзі. Дегенмен сөз басында айтқанымыздай бұл күнде ас берудің мәні мен түрі өзгерді. Бұрындары ас көбіне-көп өлген адамның бір жылдығына арналып берілсе, бұл күнде ол жеке отбасының азаматтың өлгеніне бес-он, ал мемлекеттік деңгейде 100, 125, 150 жылдығына арналып беріліп жүр. Мұнда да ат шабыс, атан жарыс, спорттық ойын, басқа да уақыт ағымындағы мерекелік шаралар ұйымдастырылады. Көшелерге есімдері беріліп, тұрған үйлеріне такталар орнатылды. Соған қарап бұл сынды қастерлі ата дәстүрі әлі өгейсіген емес, есімізде, жадымызда деп айтуға болады.

...Біз Иманқарамен әлі де қоштасқан жоқпыз. Өйткені дәл қазір ту сыртымызда кешкі ымыртпен керіле созылып, мүлгіп

жатқан оның өн бойы тұнған тарих, түгел шежіре. Бірақ соның бәрін бір демде қалай ғана айтып тауысарсың. Бағзы біреулер оны кейде Адай тауы деп те атайды екен. Әуелгіде біз “Бұл қайдан шыққан атау. Иманқара қашаннан Иманқара емес пе еді?!” – десек, “Жоқ, кешегі ХХ ғ. алғашқы жартысындағы ауыл-ауылды ұжымдастыру кезіндегі адайлар қарсылығы осы арадан басталады. Осыған байланысты мәскеулік шенеуніктер құжатында Иманқара “Адай тауы” деп белгіленсе керек”, – дейді мен білем деушілер. Бірақ, дұрысы қайсы, бұрысы ше, ол жағы бізге беймәлім, әйтсе де әлгі айтқан Адай көтерілісінің тап осы Иманқара өңірінде қоламтасы қоздап, Үстіртте үдей түскені анық. Көтеріліс 1930 жылы тұтанып, аз ғана уақытта өз қатарын мындаған сарбаздармен толықтырды. Манғстаудың ойы мен қырында отарын айдап, келесін қозғамаған үй қалған жоқ. Талай көш Тәжікстан асып, ит арқасы қияндағы Иранға жетті. Ауғанстанды айналып, Түркияға тебіндеді. Отырса ойын бұзып, тұрса тақымын қаққан бықтырт – жаңа қоғамның жергілікті халықтың бар бірлігі болып табылатын алдындағы малы, үстіндегі дәулетті дүние-мүлкін тәркілеп, өздерін басы ауған жаққа жер аударғаны, үрерге иті, сығарға биті қалмаған халықты амалсыздан көтеріліске шығарды, ақыры жеңіліс тапқан ел беті ауған жаққа безді.

Дала, далалықтар ақтарар сыр көп қой, көп ...

## ҰШҚАНДА ӨТКЕН КЕШ

Екінші кешімізді Құлсарыға таяу жердегі кең жазықта өткізген біз ертесінде Мұнайлы мола, Ұшқанға астық. Археологиялық карталарда “Ұшқан деп көрсетілсе де, жергілікті халық “Ұшқан ата қорымы” деп атайтын бұл жер де тарихта көптен белгілі. ХІҮ ғ. итальян жиһанкездері картасына түскен осы мекен жөнінде Алтын Орда жерін басып өткен бір саяхатшы “Біз Хорезмнен шығып, Білеулі, Қособа арқылы Ұшқанда үш күн түнеп, керуен көліктерін тынықтырдық. Онда үлкен керуен сарайы, сарай жанында қыш ыдыстар жасайтын кірпіш күйдіру шеберханалары бар. Іргесіндегі бұрқыраған бұлақ суы нұрдай тұшы. Тегінде “Ұшқан” атауы моңғолдың “Үш хаһан” сөздерінен туындаған болуы керек” деп жазған екен.

“Ұшқан ата” қорымы Атырау облысындағы археологиялық көне ескерткіштерге ең бай (жалпы саны шамамен үш мың) орын. Мұнда сонау ХҮІ-ХҮІІ ғғ. шикі тастардан соққан күмбезді мазарлар, сол кезгі үш тас, сандық, тіпті сағана тасты бейіттер кездеседі. Құлпы тастардың түр-түрі бар. Бәрі асқан шеберлікпен жасалынған және өзіндік ерекшеліктерге бай. Мәселен, батырлар мен би, белгілі адамдарға ұлылық қасиеттері, ерекшеліктерін көрсеткен. Батыр болса, алдымен өрім қамшы, мылтық, найза, айбалта, саптама етік, кебіс, тағысын тағы суреттер сызбасы кездеседі. Олар жәйлі кезінде өнертанушы-археологтар М.Мендікұлов, З.Самашевтар зерттеулер жүргізіп, ғылыми еңбектер жазған болатын.

Осы қорымның терістік етегінде әлгі жиһанкез жазған керуен сарайдың, шеберханалардың орны бар. Мұның өзі Ұшқанның тарихи әдебиеттерде айтылатын ертеде, немесе Алтын Орда дәуірінде, Шығыс Еуропадан Сарайшық арқылы Хорезмге, одан әрі Иранға, басқа да елдер мен қалаларға баратын сауда жолының бойында орналасқан, тұрғындар мол шоғырланған қала болғандығын дәлелдейтін бірден-бір айғақтар. Бұл жерде осыған дейін Қазақстанның, керек десе орталықтың да (Мәскеулік) біраз археологі болған. Бірақ олар тарихи орынның өздерін қызықтыратын бөліктерін болмаса, тұтас кешенді жоспарын қағазға түсіріп, картасын жасамаған, бір сөзбен айтқанда Ұшқан Қазақстан археологиясы үшін әлі тың тақырып. Соған орай біз қатысқан бұл экспедиция алғаш рет “Ұшқанның” аэрофотосын жасап, көптеген жәдігерлерді суретке басты.

...Осы арада тағы бір ымырт үйіріліп, кеш түсті. Қоңыр күздің ыстық алабы азайып, қызуы қайтқан әсем күні жалқындана жанып, батып барады. Біз бағзы заманғы жиһанкез жазған бұлақ басында тұрмыз. Қазір ол бұлақ емес артизиан құбырлар, былайша айтқанда біздің милиоратор мырзаларымыз оған су атқылайтын шүмек қойған. Содан жойқын су құлап, бұрқырайды. Әрине, осыдан алты ғасыр бұрынғыдай суы нұрдай, тұшы деуге болмайды, сәл-нәл бор дәмі бар, ашқылтым. Бірақ оны алғау екен деп безіп кеткен түлік жоқ. Күн тұсау бойы көтеріліп, сәске қызуы күш алғанша, не зауал ауып қызыл екінді таялғанша

осы суы атқылап, әудем жерлік көлемді алып жатқан суатқа маңайдағы келе-келе түйелер шұбырып, табын-табын жылқылар құлайды. Дегенмен бәрі баяғыдай деуге болмас, мүмкін біздің бұл айтып тұрғанымыз бағзы заманға карағанда тек тістің суындай бес-оны ғана болар.

Шіркін, мынау ұшы-қиырсыз сағым даланың сәні де, әні де мал екен-ау. Түлік құрыса туған жер де түгі кеткен кілемдей көз тартып, көңіл жұбатар ғажайып келбетін де жоятын көрінеді. Қайран, киелі далам-ай, барған сайын базарыңнан айырылып, барынды жоғалтып жатқан сияқтысың ба, қалай?!

Қайтейін, кешегі мал арасында өскен менің де сыртым бүтін, ішім түтін болады, осыларды көргенде. Ал оны қалада өсіп, кү темірді ат қып мінген шойын мінез, шорқақ тірлік біреулер қайдан білсін. Қашан да шын қазақтың жаны да, әні де дала, даланың сәні – мал.

Біз ой үстінде біраз отырдық. Ошақта от маздайды. Жастауларымыз сол от жанында өздерінің уайым-қайғысыз, әзіл-қалжындарын жалғастырып, әндерін әуелетсе, біз Болат екеуіміз әлгі тарихи тас бұлақтың жанында отырып, Есенғалидің ерте бір жылдарғы бабалар айтқан небір ғажайып әңгімелерін, қалжың өлендерін тыңдаймыз.

*Алыс пенен жақынды жортқан білер,*

*Ащы менен түшыны татқан білер...* деп сабақтайды ол өз әңгімесін.

Ертесіне тағы да жолға жиналдык. Ендігі бағытымыз – ежелгі “Жібек жолы” бойындағы белгілі бекеттің бірі – “Қособа”. Ол Үстірттің Маңсуалмас мекенінде орналасқан. Ол үшін әуелі бір елді мекенге жетіп, машинамызға май құйып, өзімізге нан-пан, шәй-шекер алу, су-суан да жинақтау керек болды.

Даланың мың тарау айдау жолымен заулатып келе жатқан біз Бейнеу ауданына қарасты Күркөл селосының өкпе тұсынан бір-ақ шығып, осындағы көне көз қариялардың бірі Бекен Иманбаев ақсақалды кездестірдік. Ондағы ой – Маңсуалмас, Қособа бағытын бажайлап, жүрер жолымызды біліп алу. Сөйтсек Бекен қария өзімізге қарсы сұрақ қойып, қайдан, қалай келе жатқанымыздың мәнісін білді. Біз өкше ізіміздің жөн-жосығын айттық.

— Е, Иманқара дейсің бе, ол менің жастық, балалық шағым өткен жер. Кешегі қызылдар кеп, бай-шәй деп, әлек-шәлегімізді шығармағанда, біз әлі тұқым-түкиянымызбен сол жерде сүттей ұйып отыра берер ме едік. Аталарымның айтуынша алтыншы бабам Майланнан бастап Арал, Әкім, Шолтақай, Дәлік, Иманбайлардың бәрі де бар өмірін Иманқара төңірегінде өткізген. Ал Шолтақай қаздырған атақты сегіз шыңырау сол төңіректегі ызғындай халықтың ындынын қандырып асырады. Оны Құлсары, Аккиізтоғай төңірегіндегі көзі тірі қариялардың біразы әлі күнге айтар да, — деді. Осыны айтқан Бекен қария өзінің бұл төңіректі біле бермейтінін айтып: “Ол жағын мына балам Шалабайдан сұрандар” деп “көк қасқа” көлігінен енді түсіп жатқан шопыр ұлын нұсқады. Ол болса “Дәл қазір сол жақтан аң қағып келіп тұрмын, менің өкше ізімнен айырылмасаңыздар болды, дәл 27 шақырымда Үстірттің сілемдеріне көтерілесіздер. Бірақ көтерілер жерде Шибұлак деп аталатын тар қуыс бар, одан жоғары көтерілу үшін шопыр атаулыға көп ептілік қажет” дегені.

Біз рахметімізді айтып, көлігімізге от алдырдық.

Жол атасы — түйек, мұраты — жету. Даланың түбіт шанды шарғы жіп жолы тағы көкжиекке асығып, жоқ болады. Жолаушы болса, қашан да соның шегіне жетуге құштар. Міне, біз автокөлік салонында үнсіз отырмыз. Осындайда ойға түрлі жайлар түседі. Алыс жолда әдемі, тәтті ой да серік. Менің есіме жаңағы Бекен қарияның Иманқарадағы түрлі шыңыраулар туралы айтқан әңгімесі оралады.

## ҚҰДЫҚШЫ НЕМЕСЕ ШЫҢҰРАУЛАР

Сайып келгенде республикамыздың көп өңірінде кездесе бермейтін, бірақ Атырау, Маңғыстау қазақтарына тән, бір жағынан қашаңғы тіршілік көзі саналған құдықшылықтың орны ерекше. Ол — кәсіп, шеберлік шыңы, кез-келгеннің пешенесіне жазылмаған, ілуде біреудің бойына бітер дара қасиет. Асылында құдықшылық кәсіптің тұқым қуаламағаны жоқ. Әсіресе, өткен ХХ ғасырдың 40-50 жж. шейін бұл өнер атадан балаға, ұрпақтан ұрпаққа жетті. Содан болар тұтас Маңғыстау, Жылыой, Азғыр өңірінде жылдар бойы құдықшылықты кәсіп еткен шеберлер көп

болған. Мәселен, тек Үстірт бойында атақты Бейнеубай, Жайлы, Мәміш, Өмір, Сартай, Мақышбай, Орак, Қарабатыр, Жұнбас, Шағырлы, Есенияз, Ерше, басқа да құдықшылар жетіп артылады.

Олар қазған құдықтар негізінен төрт түрге бөлінеді:

1. ШЫҢЫРАУ – жер бетінен екі-үш, кейде 4-5 метр тасқа жеткізіп шегендеген, одан арғы жағы су көзіне дейін тастан ойып қазылған, тереңдігі 6 метрден 65 метрге, одан да әрі асатын құдықтар. Бейнеу ауданындағы құдықтардың дені осындай шыңыраулар.

2. ТАЙЫЗ ҚҰДЫҚТАР – құм мен сор жағалауынан, тоғайлық, түлей айналасының құламалы жерінен қазылған, тереңдігі 3-6 м. аспайды. Олар табылса таспен, ағаш, бұта, жынғыл, ақтікенмен, кейде сүйекпен түбінен аузына қарай шегенделеді.

3. ОРПА – уақытша пайдалануға қазылған (ауыз су, ауыз құдық) тайыз құдықтар. Олар шегенделінбейді.

4. АПАН-жары құламалы, кең етіп қазылған, көзі жақын құдықтар.

Өмір малшылары 1960 жылдарға шейін суды шыңыраулардан шығырға көлік жегу арқылы тартқан. Олардың өзі шығыр айыр, шығыр доғалақ, атанақ (блок), іс темір, шығыр арқан, қауға, белжіп деген алты түрлі жабдықтардың көмегімен жүзеге асады. Аталған дүниелердің бірі жоқ болса, шыңыраудан су шықпайды.

Сөз жоқ, Маңғыстау өңірінің әйгілі құдықшысы – Еңсеп. Үстірттегі ең терең, суы мол шыңырауды соңғы қазған да сол – Еңсеп. Ендеше осы қас шебер жәйлі алғаш қалам тербеп, тамаша көркем шығарма жазған заманымыздың заңғар жазушысы Әбіш Кекілбаев еді. Бұл арада біздің айтпағымыз – аталмыш әдеби дүние туралы емес, сол әдеби туынды арқылы құдықшылық кәсіптің, құдықтың тарихи ескерткіш, архитектуралық, археологиялық мұраға айналғандығы.

Расын айтсақ, туған өлкенің ой-шұқыры тарихына әр сәт құлак түріп, керек дегенін қойын дәптерге түсіріп жүргенде, аталған аймақтың құдық қазу тәсілдері, жерінің табиғи ерекшеліктеріне орай түрлі болып келеді. Нарын мен Тайсойғанның борпылдақ құм құдықтарын былай қойғанда, тереңдігі 10-15, тіпті кейде 65-200 м. жетіп құлайтын Үстірт шыңырауларын қазып шығудың өзі түрлі-ақ. Мысалы, жоғарыдағы Еңсеп өзеннің ең соңғы және

басын жұтқан “Еңсеп өлген” құдығын бір жыл қазса, Азғыр бойындағы тереңдігі 8-10, 10-15 метрлік құдықтарды 5-10 күнде-ақ суын бұрқыратқан, Жылыойдың, Иманқарасындағы Шолтакай құдықтары да солай, бар-жоғы 2-3 айда сыр берген.

Маңғыстау шыңыраулары көбіне – коп 10-15 м. шыға береді. Ал Үстірт үстіндегілер 60-200 метр аралықтарында болады. Әр тереңдікке сай су көлемі де түрлі-ақ. Маңғыстаудың “Ұзын шыңырау” атты құдығының тереңдігі 6,1 м. болса, суға дейінгісі 56,4 м., яғни су қабаты 5,3 м. Егер осы есеппен алсақ “Тойнашта” 56, 5-56, 3 “Жұзадымда” – 61-53,3 “Қарағаштыда” – 64, 3 54, 3 м. аралықтарында.

Су көлемі дегенге бір мысал келтіре кеткен жөн сияқты. Бейнеу ауданындағы “Қасар” құдығының тереңдігі төрт-ақ метр, өте сулы. Соған сай бұл арада басқа су көзі жоқ. Өзі таудың қосатында тұр. Мал таудан түсіп, су ішіп, қайта көтеріледі. Әйтсе де қанша мал су ішсе де қоры ортаймайды. Тіпті Тобыштың Жаңайы-Қожаназар байдың 3000 жылқысы түйдек келіп, бір су ішкенде де “Қасардың” суы бір елі де ортаймайтын еді және жылқышы баласы әлгі көлемдегі малды қол қауғамен талмай бір мезетте суарып шығаратын еді” деген сөзді сол өңірдің қариялары әлі күнге айтып отырады.

Аталған өңір құдықшылары негізінен жұмыс құралы ретінде сүймен, балта, тас шапқыштарды пайдаланған. Әрине, құдықшы үшін ең қиыны – тұщы су көздері бар жерлерді дұрыс тандай білу. Мәселен, Маңғыстау, Жылыой құдықшылары, әлгі айтқан Еңсеп, Бейнеубайлар ондай орындарды ертең ерте қара жерге құлағын тосып, жата қап, тың тындау, болмаса күн шыға жер бетінен атпен шауып өту, жүген сүйретіп келе жатып, соның дыбысы арқылы білу, тіпті қолындағы сүйменін лақтырып, содан шыққан дыбыс арқылы жердің ашы-тұщылығын бағамдау, су көздерінің тереңдігін бажайлау, яғни су көлемі, топырақ қабаты, сапалық қасиеттеріне дәл баға беретін болған. Соған сай тапсырыс берушімен келісімге келген, еңбек ақыларын белгілеген. Мұндайда кейде бір шыңырау үшін 500 бойдаққа дейін алған. Құдық қазу тәсілі де түрлі. Алдымен шөбі шүйгін, малға жәйлі қонысты, қыстақ басы немесе керуен жолдарының бойында (онда судың ашы-тұщылығына қарай әр құдықтың арасы 14-15, кейде 35-40

шақырымға дейін) қазылып, әрбіріне жер бедері, құдықшының не құдық иесінің есіміне орай жеке-жеке ат беріліп отырған. Оның өзі жолаушы үшін бағдар, белгі, нысана болып есептеледі.


Жоғарыда айтқан ертедегі керуен жолдарына нақтырақ тоқталар болсақ, мейлі ол тарихтағы Үстірт үстімен өтетін Ноғай жолы, болмаса Маңғыстау арқылы жөнөйтін көне Хиуа бағыты болсын, әр 25-30 шақырым сайын суы ащы ма, әлде тұщы, бәрібір міндетті түрде құдық не бұлақ кездеседі. Ал 100-150 шақырымда тұщы су қалайда болады. Сайып келгенде бұл керуеншілердің әр күн сайын көліктерін суарып отыруы, ал 100-150 шақырымдағы тұщы су көздері өздерінің 4-5 күнде ауыз су қорын жиып алуына арналған. “Керуен жолдарының мұндай тәртібін, — дейді Ә.Кекілбаев өзінің “Ұйқыдағы арудың оянуы” атты еңбегінде — Геродот жазған “патша жолдарынан” ғана көреміз. Архемениттер астанасы Суздан Жерорта теңізіне, Эфеске дейін созылған аталмыш жолдың үлгісі кейін керуен жолдарының дүниежүзілік үлгісіне айналды. Геродот суреттейтін патша жолында да керуен сарайлар мен қоналқы орындар бір күншілік жерге, яғни жүк артқан 9 сағат жүретіндей қашықтыққа созылған”.

Бұдан әрі құдық қазу үлгісіне тоқталар болсақ. Үстірт шыңырауларының әуелгі 3-4 метрі қызыл саз, одан әрі тас қабат болып келсе, Азғыр, Тайсойған бойы құдықтары саз, ішінара тас, көбіне құмдауыт болып келеді.

Бағзы құдықшылар әдетте шыңыраудың екі бүйіріне аяқтың ұшы кіретін тепшелер, су көзіне жеткен кезде бүйіріне бір адам сиятындай қуыс қалтарыстар қалдырады. Бұл сыртқа шығу үшін керек, болмаса жоғарыдан түсетін тастардан сақтаған. Шыңырауларға түсіп-шығу үшін тек қана мықтылығы жоғары қыл арқандар пайдаланылған. Әдетте көптеген құдықтардың астыңғы тұсы таспен өріліп, үстінгі жағы түрлі материал (ағаш, жыңғыл), сүйекпен шегенделген.

Жоғарыда айтқанымыздай, құдықшылық ғасырлар бойы атадан балаға әулеттік кәсіп болып, жалғасып келе жатқан өнер. Құдықшы аты қазған шыңырау, оның су көлемі, сапасы, беріктігімен ерекшелінген. Ондай су көздерінің ғұмыры да ұзақ болады. Маңғыстаудың өзінде XIX ғасырдың жетпісінші жылдарында 817 тұщы, 322 ащы құдық болса, сол ғасырдың соңғы жылында олардың саны 1211 тұщы, 2957 ащы құдыққа жетіп үлгеріпті.





3. Қала ішіндегі қорымдар.  
4. Қазба жұмыстарынан соң.



5. Археолог З.Самашев пен журналист Ө.Әлімгереев.  
6. Иманқара қорымы.



7. Көне мазарлар.

8. Тұрақ орналасқан дөң.



10



9

9. Көнеден жеткен кұлпытас.  
10. Мүрдехана.



11. Нидерланды корольдігінің елшісі зайыбымен.  
12. Қазба жұмыстары. Болме.



13

13. Венгер археологы К.Бакай және З.Самашев Сарайшықта.



14. Атыраудағы алтын адам және З.Самашев.

Кейінгі мәліметтегі, яғни ғасыр соңындағы құдық санының күрт көбейіп папша өкіметінің 1881 жылғы Қаспий сыртқы облысын құрып, бастапқы санға Теке, Красноводск уездеріндегі құдықтар да қосылып жазылған. Және бір себеп, бұл сияқты құдықтар санының бірде азайып, бірде көбейіп кетуі – шаруалар мен мал санының кезеңге сай өсіп кетуіне тәуелділігі. Солардың ішінде “Жаңа су”, “Қара төрткүл”, “Шанғала”, “Шәлі”, “Жүз адым”, тағысын тағы құдықтар өзінің суының молдығы, тұщылығымен ғасырлар бойы аталып, пайдаланылып келеді. Бірақ уақыт өте мұндай атайы (шөл және шөлейт аймақта суы мол және қапелімде ашымайтын құдықты осылай атайды) құдықтардың көбі кеңес одағының ыдырауы, кеңшаралардың жойылып, мал санының томендеуіне орай құмығып, иссіз қалуына байланысты күрт азайды. Мәселен, өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдарында күтпелсіз қолданыста жүрген үш мыңға жуық құдықтың қазірде нешеуі қалып, қаншасының қараусыз қалғанын бір құдайдың өзі білсін.

Шыңыраулар суы әрдайым малға жұғымды, аламдарға асыл дәм болып келеді. Содан да елде шыңыраулар суын “дәрі су” деп те атайды.

Республикамыздың батыс өңірінің шыңыраулары Қазақстанның басқа жерлерінің шыңырауларына еш ұқсамайды. Ол жәйлі кезінде академик-жазушы Сәбит Мүқанов өзінің “Саяхаттар” кітабында кеңінен әңгімелеген. Елуінші жылдардың аяғында Гурьев облысын басқарған кезеңінде Нұртас Ондасынов Үстірт құдықтарының картасын жасаттырып, Сағидолла Құбашев ғылыми түрде классификациялаған. Сондықтан бұл істі тек тұрмыс қажеті, тіршілік ресурсы деп қарамай, ұлттық өнер, керек десе тарихи ескерткіш деп бағалауымыз керек. Оны дер кезінде дәл танып, талай шығармасына арқау еткен қаламгер, Республика Мемлекеттік сыйлығының иегері, халық жазушысы, әлем әдебиетінің классигі атанған осы өңірдің түлегі, сол шыңыраулардың суымен бетін жуып, жорегің құрғатқан, бой өсіріп, буынын қатайтқан мемлекет қайраткері Әбіш Кекілбаев еді.

\* \* \*

... Жүріп кеткен кісіге 27 шақырым деген немене тәйірі, әп сөтте әлгі айтқан Үстірттің батыс сілемдеріне де жетіп келдік. Одан әрі Шибұлақтың ирелеңдеген тар қуысынан сол сал боксе



Үстірттің жалына көтерілу кәрі Атыраудың шанытқан, құмдауыт, тегіс жолынан басқаны көрмеген біздің жүргізушілердің екі көзін атыздай етті. Оның үстіне жергілікті археолог В.К.Афанасьев мына асуды көргенде қара аспанды төндіріп, безек қакканы сондай, тіпті біразымыз экспедиция сапары осымен біттіге сайдық. Өйткені 50-60 градустық тік жоғары көтерілер қабақ қандай жер тістеген көлігіңе де сын болатын түрі бар. Бірақ біз “Асанқайғыны соғып, зар илеп” тұрғанда Болат жалғыз өзі “УАЗ-ігіне қамшы басып, Үстірттің үстіне шығып та үлгеріпті.

Екінші боп барлық құрал-сайман, тамақ, жүк тиеп келе жатқан машинамыз көтерілді. Бірақ еш жүксіз, тек өзі ғана. Онда да он үшіміз итеріп, ақ тер, көк тер боп, әупіріммен деңіз. Соңында академияның мүше-корреспонденті Есенғали рульге отырған ескі УАЗ көтерілді. Сойтсек Шибұлақтың шопыр атаулыны терлетепегені жоқ екен. Шындығында бұл біз үшін ең бір сындарлы, қиын асу болғаны, оны жай сөзбен суреттеудің өзі де қиын еді. Ақыры іңірлетіп Қособа қорымына да жеттік-ау. Тағы да шатырлар тігіліп, қазандар көтерілді, тағы да ошак оты маздады.

Қособа қорым, қорғанын 1946-50 жж. Кеңес Одағының белгілі археологы, Хорезм археологиясын қырық жылдан астам уақыт зерттеген С.П.Толстов, , 1975-80 жж. Самарханд археология институтының ғалымдары Н.Ю.Юсупов пен Ю.П. Манылов аз-мүз зерттеген. Аталған орын да Алтын Орда дәуіріне жатағын, бірақ көп бүлінбеген қорған. Оның 42 жеке бөлмеден тұратын келісті керуен сарайы бар. Онда керуен басы, дін ислері мен бекзадалар, саудагерлер мен қол өнер шеберлері орнласса, одан әрі кошпелі жатақтар, әскер тоқғайды екен. Керуен сарайдың бір бөлмесін бізден бұрынғылар тазалап көрген сынды. Қабырғалары кәдімгі Маңғыстаудың ұлу тастарынан асқан шеберлікпен қаланып, көтеріліпті. Ал сарайдың сырты болса жеке болмелері, іштеріндей емес құс тандайлап, өрнектеп шығарған. Аталған қорған кең, биік жазықтың бір мүртына, яғни көлденең қаракшы, жаулаушылар шабуыл жасауға мүмкіндік бермейтін биікке орналасқан. Ал жолаушылар болса бұдан әрі керуен жолға кең дәліз арқылы шығып кететін болған. Сарай маңында ыждағаттап қараған адамға қола ттындар мен Хорезм керамикалары, күйдірілген қыш ыдыстар мен фосфор түсті әйнек сынықтары кездеседі. Оңтүстік бетте

Сарайшықтағыдай Ноғай Ордасы тұсындағы 22 x 22 см. үлгісіндегі қып кірпіштерден тұрғызылған үлкен кесене орны бар. Шамасы, мазар қабырғасы әлгіндей тастардан көтеріліп, олар шикі балшықтармен ұстатылса керек.

Осы керуен сарайдан түстікке қарай аумақты қорым басталады. Олардың орналасу ережеліктері – әуелі Алтын орда, ноғайлықтар дәуірінің қойылымдары, одан әрі түркімендер мазары, одан соң жергілікті халық – қазақтардың бейіттері басталып, олар біздің ғасырымыздың басына дейін келеді. Осындай бай қорымда бейіттер мен тас қою, құлыптастардың алуан түрлі үлгілері бар. Діни-наным – отқа табыну, ислам дінінің енуі де айқын байқалады. Бейіттер көтеру де – үш тас, сандық тас, қой тас түрінде, не үлкен-үлкен кесек тастарды бір-бірілеп, етпетінен тастау не тігінен көтеріп қою, болмаса лақат үстіне дөңгеленте құр қалау, жиыстыра үю үлгісінде екен. Кейбіреулерінде оның батырлығын бейнелейтін элементтер, мәселен дулыға кейіпін көрсету дәстүрі бар. Тым әрісіндегі қойылғандарда ру таңбалары, ал беріріктерінде қойылушы адамның жөн-жосығы келтірілген. Осылардың өзінше-ақ олардың кезеңдерін анықтауға болар еді. Мәскеулік археолог Л.Л.Галкиннің айтуынша бұл “Хорезмнен бергі керуен жолы бойындағы он екінші сарай және Білеуліден кейінгі ең негізгісі”. Шамасы, бұл Ақсақ Темір шапқыншылығына ұшырамай, уақыт өте Алтын Орда астанасымен байланыс үзілген соң пайдадан қалған болса керек.

Осы арада Білеулі жәйлі бірер сөз. Үстірттің Қарақалпақ бөлігіндегі орта тұсында, дәлдеп айтсақ Бостан станциясынан терістікте 35 шақырым шамасында орналасқан бұл мәдени-тарихи кешен Алтын Орда дәуірінде (XIV ғасырда) аты шыққан керуен сарайының орны. Үлкен Сарайдан орталық Азияға жол тартқан сауда керуендері Сарайшық асып, Ноғайлы (Ноғай) жолымен Ұшқан арқылы Үстіртті басып, осы Білеуліге ат басын тіреген. Одан әрі Хорезмге бағыт ұстайды.

А.И.Левшиннің айтуынша “Білеулі” атауы бір кезде осы арада өмір сүрген Білеуілі есімді әулиенің, немесе осы төңіректен шығарылатын білеу тастарға (қайрақ тас) байланысты қойылса керек.

Білеулідегі керуен сарайы кезінде Үстірт, оның маңындағы ең ірі тұрақтардың қатарына жатқандықтан бір сәттің өзінде жүздеген адамды көлігімен еркін қабылдап, қызмет көрсете алады екен.

Аталмыш орынды мәдени-тарихи кешен ретінде өткен ғасырдың 46, 50 жылдары С.П.Толстовтың, 1972, 1975-78 жылдары В.Н.Ягодин, Ю.П.Маньловтың, 1979, 1988 жылдары қазақстандық ғалымдар Т.Жанысбеков, С.Әжіғалиевтің жетекшілік етуіндегі археологиялық экспедициялар зерттеп, керуен сарайдың негізгі пинараттары мен айналасындағы құдықтар, ауыз су сақтайтын сартобтар орындары, бейіттерді белгілеген. Бейіттерде негізінен казактар мен түркімендер жерленген. Көптеген құлпытастарда жергілікті Адай, Табын, Әлім, Жетіру таңбаларымен бірге Ұлы Жүздің Үйсін, Дулат, Албан руларының да таңбалары бар. Сарай бөлмелері жылу жүретін тас түтіктер (кандар) жүйесі арқылы жылытылған. Білеулі керуен сарайы орнына жүргізілген қазба жұмыстары ондағы архитектуралық үрдістің Алтын Орда өмір сүрген дәуірдегі сәулет өнерінің өте жоғары дәрежеде дамығандығын көрсетеді.

Аталмыш керуен сарайы жөнінде кеңірек әңгімелесек, қазірде көзге ұрып тұрған сарай қақпасының ені 8, биіктігі 10 метр шамасында. Маңғыстаулық журналист Рахат Қосбармақовтың айтуынша, бұдан 30-40 жыл бұрын осы алып қақпаның жоғары жағында бір-біріне қарсы қарап жатқан айбарлы екі арыстанның тас мүсіні болған көрінеді. Бірақ 1965-67 жылдары Білеуліге қайта-қайта келгіштеп жүрген өзбекстандық ғалымдар не мақсатта екені белгісіз, әйтеуір бір қажеттеріне керек болған шығар, әлгі екі арыстанды түбірімен қопарып, өз елдеріне алып кетіпті. Ал қалған қақпаның жалпы пішіні сәулет өнерінің арқа үлгісінде доғаланып салынған. Алдында 50 метрдей жерде шегендеулі екі, таспен қоршалған тағы бір жалпы саны үш құдық бар. Ауызғы жағы адайша шегенделген алғашқы екі құдықтың терендігі 15 м., әлі күнге суы бар.

Сарай ортасы адамдардың алқа-қотан отырып, әңгіме соғатындай үлкен алаңқай. Алаңқайдан айнала әрбіріне 3-4 адам жатып, демалуға негізделген 15 бөлме орналасқан.

Археологтардың жобалауынша сарай екі қабаттан тұрған. Жанында жыл бойғы жауын-шашын, қар суынан жиналған жасанды көлдің орны бар. Олар түрлі топырақ сүзінділері арқылы атыз-арықпен осы қауызға жиналады.

Керуен сарайдың терістік бетінде 2-3 шақырым жерде аталған нысандарға қажетті құрылыс материалдарын — ұлу, жақпар тастарды кесіп, өндірген карьерлер орны кездеседі. Мүмкін,

А.И.Левшин “Білеулі” сөзін осы карьерлер мен жабайы жақпар тастарға карап шығарған болса керек.

Осы арада Білеуліден түстікке бет түзеген жол маңдайы аткты Бескаланың Қоңыратына бағыт алады да әрі қарай Хорезмге жөнсп береді. Ал батысында Жезді, Маңсуалмас.

Маңсуалмаска жету үшін әуелі Бейнеуге бағыттап 58 шақырым жүргенде “Шұрықтың түлейін” басып, одан 46 шақырымдағы Құшыға келеді. Құшы – “Жібек жолы” бойындағы белгілі бекет.

... Бір күнге жақын уақытымызды осы жерде өткізіп, қыруар іс тындырған біз кешкісін Бейнеуге барып кондық.

Бейнеу мен үшін ең бір ыстық, аяулы мекен. Осы өңірде еңбек жолымды бастадым. Талай достар тауып, жаны жомарт жақсы ағалар кездестірдім. Шәкірттер тәрбиелеп, жер таныдым, ел көрдім. Адай елінің өзгеге ұқсамайтын салт-дәстүрінің біразына қанығып, коңілге түйдім.

Осы кеште мен солардың біразын еске алып, қалың ойға берілдім. Әлгі айтқан достарлы, асыл ағаларды іздеп, талай жерге телефон шалдым, тым болмаса дауыстарын естігім келді. Бірақ кеш келіп, мезгіл, мекенсіз жүруіміз біраз жайдан қол байлады. Сөйтсем, мен танитын жандардың кейбірі жұмыс бабымен басқа жаққа қоныс аударып, көшіп кетіпті де, кейбірі бақилық боп, бұл фәнимен қоштасыпты.

Ой, өмір-ай, десеңізші! Топырағың торқа, жандарың пейіште болғай, асыл жандар, аяулы достар!

Ертесіне Сам құмына бағыт алып, жүріп кеттік. Елде Сам атауының топонимикалық тегіне түрлі пікірмен қарайды. Мәселен, халық мұрасы “Ер Тарғын” жырында “Тарғынның ата-анасы Самда тұратын еді” деген жолдар бар. Егер аталған батырдың туып-оскен жері осы аймақ, жайлауы іргедегі Сартауға дейін барып, бақилық ғұмыр кешкенде денесі Сарайшық қаласында хандар қауымына қойылса, бұл аймақта осы Самнан басқа атау да, жер де жоқ емес пе?” дейтіндер де жоқ емес. Бірақ тұрғылықты халық не дейді? Олардың айтуынша Сам атауын тым әріге жібермейді, бар-жоғы иск астындағы ХІХ ғасырдың ортасы, ХХ ғасырдың басындағы жергілікті тұрғын Сам Малкелдіұлының есімімен байланыстырады. Ол елге сыйлы. ауылдастары арасында абыз атанған аруақты би, халықты аузына

қаратқан ақылғой жан болса керек. Соған сай әлі күнге ел ауызында “Хан төрелігі бұзылса да Сам төрелігі бұзылмайды” деген қанатты сөз бар.

Ертеректе Маңғыстау, Үстірт бойының топографиялық картасын жасау кезінде жергілікті жағдай, жер бедерін жақсы білетін және мынау біздікі, анау сіздікі деп бұра тартуды білмейтін Сам қарияға шөп түседі де, ол мамандарды бастап, түбектің ойқырында біраз жүреді. Арал теңізінің терістік батыс бөлігі, Бесқаланың Қоңыратына дейін бастап барады, жетелейді. Ақыры қоштасар сәт келіп, экспедиция жетекшісіне “Балам, әуде бойынша көрсет дегенінді көрсетіп, айт дегенінді ежелеп, аман-есен межелі жеріңе де жеткіздім, ендігі күнді осы аймақтың қарияларымен ұштасып, тағы да жалғарсындар. Маған ұлықсат беріңдер” дейді. Сонда Сам қарияның айлар бойы жүріп, көрсеткен көмегіне дән риза болған жетекші “Ақсақал, бәріңе де рахмет! Бізден сізге не көмек, қолдан келсе жәрдемдесейік” десе керек. Осы сәт көзі жайнаған қария “Тамыр, егер қолыңнан келсе, қазіргі мен жайлап отырған жал-жал ақ шағылдарға ел айтатын “сам құмы” деген атауды анау жасап жатқан қартана да қонжита салшы. Ал бергі жағындағы бөлек құмға талай жылғы сырласым Матайдың да есімін қалдыруды ұмытпағайсын” депті де атқа қонып, ауылына қарай жорғып кетсе керек. Сөйтіп Үстірттің күнге бстіндегі көлденең жатқан екі құм картаға абыз қарияның отініші бойынша Сам, Матай болып түсіпті де, әлі күнге солай аталады.

## ЖЕЗДІДЕГІ ОҒЫЗДАР ҚАЛАСЫ

Міне, біз Тұрышты басып, Жезді тауын іздеп келеміз. Жүйрік уақыт уыста тұрмайды, зулап өтеді де шығады. Әр қоғамның өз теперіші, сыбағасы бар. Біз әлгі айтқан Тұрышқа дейінгі тоқсан, Жездіге дейінгі жүз шақырымда қоғамдық мал баққан бірде-бір жанды көргеніміз жоқ. Жеке қожалықтың өзінен бар-жоғы екі-үшеу ғана. Бірі — Ноғайтыға таяу да, екіншісі — Жездіге жетіп келгендегі Сорбұлақ деп аталатын қолтықта. Екеуінің айдағаны 50-60 төңірегіндегі қой-ешкі ғана. Қайда қарасаң да есік-терезелерін жұлып, арқалық тастамаларын суырып алған иесіз қыстаулар мен аула-қоралар. Әлде малдың бағы қайтты ма, болмаса болымсыз

адамдар ойлап тапқан қатыгездік пе, әйтеуір біз біз зерттеген Жем мен Үстірт, Еділ мен Жайық арасында соңғы 6 мың жылда бабаларымыз малсыз күн кешпеген екен, енді міне 5-6 жылда сол малына зауал келді, оның себебін немен түсіндіріп, дәлелдерсің?! Мұндайда тек қана ауыр күрсініп, ендігі күнің не болар екен, бар бакытын малдан тапқан қайран ғана қазағым-ай дейсің де қоясың.

Жездіде оғыздар қаласы бар. Біздің дәуіріміздің VIII-IX ғғ. жататын бұл қаланың орналасуы да бұрынғылар сияқты, алшымен, өз жауларынан қорғаныс стратегиясы мол, яғни екі жаны, артынан жау ала алмайтын түбек сынды түмсық жарға орналасады да, келуші жанның бәрін тек алдынан ғана күтіп алады. Қала әдеттегі шығыс үлгісіндей ең түбі — цитадель (қала басы тұратын жер), шаһристан (бекзадалар мен әскер басы, саудагерлер тұратын 38 бөлме), рабат (қол өнершілер тұратын жер) мекенінен тұрады. Одан әрі шақырым жарымға созылған, ұзыннан-ұзақ бейіттер. Мұндағы түрлі жәдігерлер аталған қаланың шамамен екі ғасырдай өмір сүргендігін дәлелдейді.

Бір тажабы Қособа да, бұл да терістіктен түстік батысқа қарай орналасқан және барлығында да (“Ұшқанда” да) бейіттердің орналасуы түстікке бағытталады. Бір кезде мұнда 922 ж., яғни оғыздар қаласында араб саяхатшысы Ибн Фадлан да болып, өз жазбаларын қалдырған.

Айтпақшы Ахмад Ибн Фадланның Маңғыстау өңіріне аяқ басуының өзі де үлкен хикая емес пе еді?! Қалай еді өзі...

922 жылдың көктемі болса керек. Араб халифатындағы Бағдат қаласынан өкше көтерген сауда керуені Үстірт дөңдеріне асылып, Сам құмдарында аяқтарын санап басады. Бағыт — сөз басында келтірген Ұшқан ата, Иманқара, Қойқара, Қайнар, Сарайшық, одан әрі Бұлғар мемлекетіне жету. Ондағы мақсат — қашан да адамдардың тіршілік негізі болып табылатын сауданы дамыту. Осы бір жолда сол оныншы ғасырда, оған дейін және кейін де әлемдегі құрлық атаулының бәрін де, әсіресе Азия, Африка, Еуропада жалпақ табанды түйе, кесе түйе жылқы ізі қалмаған, яғни сауда керуені өтпеген жер аз шығар. Қаншама жойқын соғыс, ғалауат майдандарынан бұрын сауда керуені жүрді. Құрлықты былай қойғанда теңіздің өзінде алғаш боп сауда кемелері ел мен ел арасына байланыс орнатты. Жол салды. Тіпті Колумб

пен Магелланды жер шарын шыр айналдырып, жаңа күрлык. бейтаныс елдер табуына берік негіз болған ақылға сыймас оқымыстылық не жер көрем деген жиһанкездік емес, сол сауда, тиыннан тиын сауып, мапаха табу, үлкен байлыққа күрп ете түсу жорығы еді. Бірақ алғашқы сауда қайдан басталады.

Әйгілі Әбіш (Әбіш Кекілбаев) айтады “Саудагерлер ол кезде әдетте, шығыстан шығып, батысқа қарай жол шегетін. Пайдаға шаш етектен қарық болам деген күпті көңіл оны қайдағы бір ит аркасы қиянға айдап апаратын-ды. Дәндеген сайын, “жолға шықсам, бөтен ел, бөтен жұрт көрсем” деп әрдайым әлеңкідей жалаңар да отырар-ды. Барып келгесін базарда жаңа бұйым жайып тұрып, дүйім жұрттың алдында не көріп, не естігенін айтып, білмейтіні жоқ сұңғыла, ештеңеден тайсалмайтын жүрек жұтқан батыр боп көрініп, бсделін бір көтеріп тастар-ды. Жол шыныда да саудагердің көзін ашады. Олар бірте-бірте жүрген жерлеріне мәдени жетістіктердің жемісін шашқан нағыз қуғаяқ қызырларға айналады. Мұсылман дүниесінде жарыққа шыққан география ғылымы ең алдымен осы саудагерлерге қарыздар”.

Расында да біз жүріп келе жатқан Үстірт үсті, анау Жылой бойы талай сауда жолын үстінен асырды. Олар “Скиф жолы”, “Ноғайлы жолы”, “Жібек жолы”, “Мақта жолы” деп аттары өзгерсе де заттары жол боп сақталған керуен іздері, бағыттаушы сораптар.

Бұдан соңғы тағы бір нысана — жаңа ғана аяғынан қаз тұрып, күллі Арабия мен Азияның батыс бөлігін бас идірген мұсылман дінін жол бойғы елдерге уағыздау, жергілікті халықтардың салт-дәстүр, әдет-ғұрыптарын зерттеу. Мұсылман Бұлғар мемлекетіне қол ұшын беріп, қолтығына су бүрку. Бес мың адамдық алып қол, айбынды керуенді бастап келе жатқан атақты жиһанкез, білікті хәкім Ахмад Ибн Фадлан. Олар жолайғы елдің бәрін намазға жығып, дінге кіргізуді негізгі нысана етіп ұстаумен бірге төрт мың шақырымдық жолдағы көрген-білгенінің бәрін тәптіштеп хатқа түсірді. Бұл кейіннен Ибн Фадланның атын айдай әлемге паш етіп, арада мың жыл өтсе де есімін өшпейтін күйге жеткізді. Бағдат—Тегеран—Серахс—Ашгабат—Бұхара, Үргеніш—Нүкіс—Қоңыратты көктей өткен керуен мың сан түйелерін мұрнынан тізіп, Үстіртке үздіге көтерілгенде, алдарынан иығында қоржыны, қолында қоңыр асатаяғы бар дәруіш шығып, бес мың адамдық ызғын көшке иек

қағып “Көкелеріңнің көктемгі көжесіне асыққандай қайда асқақтап барасындар!? Осынау киелі жердің киікоты мен боз жусанын таптауға кім билік берді. Ел мен жер киесіз дейсіндер ме?! Бұдан әрі жүруге рұқсат жоқ!” деп ызғарлы үн шығарды.

Көштегі мұны естіген тентектеу ұлдың бірі “Айдалада арқыраған мынау кімнің шікірі, қазір-ақ басын қағып. боз даласындағы борсықтың ініне тығып жіберейін” деп қылышын қынабынан суырып, астындағы атын тебініп қалып еді, керуен басы “Кешірімді бол. қарағым! Табаныңның астында өзге елдің топырағы, тобенде жат жұрттың аспаны, от-суы да басқа уалаятта тұрғанда қылышыңды артына ұста, көрсетпе. Айтса оныкі дұрыс. Біз бұларды жаулау үшін емес, көңілдерін аулау үшін келеміз” деп жігітке басу айтады да, өзі көлігінен түсіп, алдындағы айбаттанып тұрған дәруіштен мынау сары даланы сұраусыз басқаны үшін кешірім өтінеді. Тек өтініп қана қойған жоқ хан алдында тұрған карашадай қалтырап, бір үзім нан мен тостаған толы ақ ұсынады. Сапар мақсатын түсіндіреді, керуенді одан әрі жалғауға рұқсат сұрайды. Жер иесі ықтиярынан кейін ғана оның мұсылман дініне кіруін өтінеді.

Дәруіш онсыз да дінсіз емес еді. Бірақ керуен басының сағыздай созылып, қоғадай жапырылып тұрған мұсылманшылық жолы, әдептілігі оны ойлантып тастайды.

“Құдай дінсіздіктен сақтасын! Жолың болсын жолаушы. Бірақ кашан да шақырусыз қонақтың өзге жердің құба белі, құрақты көлін басарда оның да иесі, киесі, аңкылдаған ері, саңкылдаған сері ұлдары болатынын ескеру керек. Біз, сақтар, мынау ұшқан құсы мен жүгірген аңы көзден бұл-бұл ұшатын меңіреу далада көрінгенді найзаның ұшы, садақтың жебесіне нысана болсын деп, бостан босқа ел ақтап, есекдәме кейіпте жүрген ештеңеміз жоқ. Ата қаны, ана сүті сінген өлкенің ұлтарактай жерін кез-келген үрген ит, ұлыған бөріге бастырмаймыз. Аспаныңда ауылымыздың қыраны, көлінде көз алдымызда түлеген үйректің шүрегейі жүзсін деп, түнде ұйқы, күндіз күлкіден жаңыламыз. Қанша залалы аз, зардабы жоқ елдің де заңғар тектес заңы болады. Сондай үрдіс бізде де бар. Ол – біздің арымыз, намысымыз. Намысты алтын кеудені ешкімге таптатпаймыз!” Дәруіш осыны айтты да керуенді жолға салады.



Беу, десеңізші, Фадлан жазбалары осылайша сыр шертеді. Мен де ол келтірген жолдарды өзімше пайымдаймын, ой өрбітемін.

...Тағы да таң атты. Біз бұл күні әдеттегіден тым ерте тұрдық. Оның да түрлі себептері бар. Жатарда осы өңірдің талай-талай дала тағылары — кокжалдар мен сілеусіндер, қояндар мен түлкілер жәйлі түрлі әңгімелерді боздатқанбыз. Оның үстіне жаңбыр жауып, шатырсыз жатқандарымыз көшумен жүрдік. Мүмкін, дұрыс ұйықтамағандықтан ба, әлде әлгіндей әңгімелер әсері ме, ішіміздегі мәскеулік Владимир Горбунов деген фотосуретшіміз қайта-қайта бастығырылып, мазаны алумен болды. Алғаны сол — жаңа ғана ұйқыға бас қойғанымызда әлгі нәруана тым қатты қышқырып, айқайға басты дегейсіз. Қапелдемде не болғанына түсінбей қалған біз аяғымыздан тік тұрайық. Сөйтсек суретшіміз қолайсыз түс көріпті. Қайтадан жастыққа бас қояйық. Әлгіміз тағы да қышқырсын. Бұдан әрі ұйықтап көр. Осыдан ба, әлде басқа да себеп болды ма, әйтеуір осы күні тым ерте тұрып кеткеніміз анық. Болат әзірлеген ыстық кофе азаңғы ауқаттан соң тағы да терістік асып. Тоқсанбай тауын іздеп кеттік. Бұл біздің Үстірттегі соңғы нүктеміз болмақ. Бірақ оған артар үміт те аз емес.

## ТОЛҒАУЫ ТОҚСАН ТОҚСАНБАЙ

... Біз алдыңғы түстен бері тау жағалап келеміз. Туғалы топырағын баспаған өңірдің тауы қайсы, тасы қайда, біліп жатқан біріміз жоқ. Жергілікті жандардан сұрайын десең қыбырлаған тірі қарға кездессейші, атамаңыз! Қолымызда бары Лев Леонидовичтің жұлым-жұлым картасы мен тілі “терістік” деп безектеген мектеп оқушыларына арналған құбыллама. Сонау батыстан бастап едік, әйтеуір сипалап жүріп Жездіні таптық, бірақ нақты солай атала ма, жоқ па, оны да біліп жарытпаймыз. Әйтсе де картаға солай деп қонжиттық. Енді Тоқсанбай тауындағы ескі орынды іздеудеміз. Бұл соңғы екі мекен (Жезді, Тоқсанбай) бұрын-соңды еш археологтың көзіне түсіп, картада белгіленбеген. Тек әлде бір геологтардың сілтеуімен ортамыздағы ақсақалымыз Л.Л.Галкиннің көзіне түсіп, ол осында 2-3 рет келген. Бірақ үш-төрт жылда бір қатынайтын мәскеулік ғалымға қазақтың сырын

актара қоймайтын сарандау сары даласы қалайша құпиясын аша салсын, шынын айтса Лев Леонидовичтің бұл жағынан көп нәрсеге тісі өтпейді. Енді, міне, тұтас экспедиция алып келеді. Соған сай біздің жүрісімізде нақтыдан гөрі болжам, сенімнен гөрі дұдамал басым.

Алдымызда ұзыннан ұзақ созылып кең жазық жатыр. Мұны осы өңірде тау дейді. Бір-бірімен иық тіресіп, өркештенген жоталар. Кейбірі бейне қызыл жосаға малып алғандай, күренітіп, алаулайды. Мүмкін, Жезді деп сол үшін де атайтын шығар. Көз ұшынан көлеңдеп көгілдір көл көрінеді. Ол да көл емес, тұзды сулы сор. Алдымыздан анда-санда ана бір жылдары өзбек археологтарының аузын аштырып, көздерін жұмдырған көлбеу сызықтар, ал біз үшін ата-баба мұрасы — арандар шығады. Арандар жәйлі ойласаң есіңе ертеден жеткен елең-алаң бір сурет, аласапыран шабыс, ызы-шу аңдар апаты, аңшылар кикүуі жетеді, тағы да осы өңірдің білгірі Әбіш, оның кере қарыс “Үркер” романы, оның әп дегеннен арандар жәйлі суреттеулері есіңе оралады. Тегінде, Үстірт үстінде арандар көп-ақ және бәрі де кең жазықтың аң қанып кете алмайтын мүйістеу бұрышына орналастырылады екен.

Ақыры қазақ айтатын сиыр сәскеде Токсанбайға да жеттік-ау. Оның өзі таулар ортасындағы арал сынды бөлек үлкен шоқал екен. Өткен жылдары оны Лев Леонидович қазып, зерттесе керек. Бірақ табылған заттық деректерді дәл қай кезеңге жатқызарын білмей, біраз бас ауыртқан. Ал Зейнолла ағамыз болса, ондағы жер қыртыстары мәдени қабаттар (үш түрлі), кездесетін тастар мен сүйектер, садақ оқтары, қайрақ тастар, көмір қалдықтарын біраз бажайлады да “Мынаның ең астындағы қабатты шамамен қола дәуірінде (осыдан 4 мың жыл бұрынғы) жатады. Бұған дейін тап осындай қала орны Малаязия (Трон), Уралда (Арқайым, Сынтас) ғана табылған. Ал мынау олардан да бұрынғы дәуір жәдігері. Сондықтан бұл Қазақстан, жалпы ТМД елдері, керек десеңіз дүние жүзі үшін үлкен жаңалық. Екінші қабатта — біздің эрамызға дейінгі бір мыңыншы, ал үшінші қабатта біздің эрамыздың IX-X ғғ. (орта ғасырлық) оғыздар тұрмысын көрсететін материалдар бар” деп таң-тамаша қалды. Біз де бұл жаңалыққа мәз болып, туған жер құпиясына қаныға түстік.

Сөйтсек бұған дейін Еуроазияда адамдардың қала құрылысы алдындағы шоғырланып, өмір сүру тұрмысы дүние жүзінде алдымен Малайзия, Иран жерлерінен басталған десе, Орал тауларынан (Арқайым, Сынтас) табылған белгілерге орай орыс ғалымдары бұл процесті өз Отандарында басталған да оңтүстік-иран тауларына жылжыған деп келген екен. Енді мына деректерге бас исер болсақ, екеуі де емес, өзіміздің Үстірттің етегі – Тоқсанбайдан (осыдан төрт мың жыл бұрын) басталады да солтүстікке бағытталып жылжыған. О, ғаламат десеңізші?! Бар жаңалық осы емес пе?

... Аталған жердің аэрофотосы жасалынып, жоспары түсірілді. Фотосуретші Ю.Черкасов та аяп жатқан жоқ, біресе жоғары көтеріліп, біресе төмен түсіп, жалпы да, жеке де, әйтеуір суретке басып жатыр. Лев Леонидович болса, кашаннан “керек тастың ауырлығы жоқ” деген қағиданы берік негізге алған. Түрлі көлемдегі сәрбоз, шыт, кенеп қалталардың бәрін де түрлі тас, сүйектермен толтыруда. Зекең де өз ісімен әуре. Ал біз тап сол арада бес мың жылдық тарихы бар Тоқсанбай мәдениетінің сыйы деп, қазба жұмыстарынан табылған қойдың асығы мен козы құйрық қайрақ тасты еншілеп, мәз боламыз.

Тағы бір аранның қасында отырып, түстігімізді ішкен біз зауал ауа көлік басын елге бұрдық. Мың шақырымдық жолды артқа тастап, тау қуалай заулаған көлігіміз ұлы бесінде Тұрьшка жетіп, сол араның откен-кеткенін білетін қариялардың бірі Жұбанғияз ақсақалдың үйіне тоқтадық. Сұрайтынымыз Тоқсанбай мен Жезді. Бірақ көпті көрген ақсақал басын шайқап, білмейтіндігін білдіреді. Біз болсақ нәубет зардабын көп тартқан кейкі қарт “білмеймін деген бір, білем десем көп сөз” деп бар сырды ішке бүгіп қалды ма деп те күдіктенеміз. Ал ол болса бетті басқа жаққа аударып “Әрің емес, берінді, өлгенің емес, тіріңнің жәйін айт! Қалаң қалай күн кешіп, нарыққа несімен жауап беруде?” деп қыстайды. Амал не, қысыр сөзге уақыт аз, атқа қондық. Алда әлі Бейнеу, одан әрі Опорный, тағысын тағылар.

Бейнеу демекші, аталмыш кенттен ауылға қарай бет алғанда алдыңыздан көне тарихтың көп сырын ақтарып Сыңғырлау шықты. Сыңғырлау Маңғыстаудың қос мұңдығы – Қайып пен Ақбөбектің мекені, Қорабайдың қонысы.

...Әнші Қайып, етікші Қайып Есжан байдың сұлу қызы Ақбөбекке ғашық болады. Оқиға қалай өрбіді?

Есжан Ақбөбекті атастырып қойған жері — Итбайдың Есбергеніне ұзату үшін қызу дайындалады. Әрине, кетер қызды келістіріп аттандырмаса бай атына сын. Олай бола сұлудың сән-салтанатын асырып, отау үйін оттай жандырып, өрелі киіз, өрнекті алаша, Бесқаладан алдырған Бұхар кілем, Хиуа атластарымен тысталған төсек-жиһаз, сәукеле, камзолының бәрі де дер кезінде дайын болуы керек. Қыз мінер ақ боз ат, оның күмістелген ертұрманы да әзір. Айтпақшы, аяғына киер көксауыр шонқайма етік қайда? Тегірені бір шолып шыққанда оның да орны толды. Корші ауылдағы Қорабай қарияның ұлы Қайып осы өңірге белгілі етікші әрі әнші, керемет күйші. Оны алғашқы күннің кешінде-ақ танысу шәйі үстінде байқатып үлгерді. Ертесінде күллі ауыл жастары етікші жігіттің айналасына үйіріліп, отқа ұмтылған көбелектей шырқ айналады.

Етікшіге арнап қыз ағасының отау үйі болек тігілді. Осы үйде Қайып ару Ақбөбекпен алғаш кезігіп, аяғын өлшеді, қалыбын алды. Сол кезде тік қараған жанарлардан жарқылдай от шашылып, махаббат шоғы тұтанды. Ол уақыт өте алаулап, жанып, жуық маңда өшпейтін өрісті өрттей биікке көтерілді. Бірақ шариғат жолы басқа еді. Күні ертең-ақ осынау көкірегінен гүл өсіріп, жүрегін жалау қылған жас қыз Маңғыстау ойына ұзатылмақ. Онда да біреу өліп-өшіп, сарғайып күтіп отыр. Ал Қайып үшін бұның бәрі бес-ақ тиын. Күн өткен сайын ынтығып, арман болған айдай аруды әлемдегінің бәрінен қызғанып, құша түскісі келеді. Егер құдайшылығына барса айттырып қойған қызға қол салу, үйленем деп үйірілуден артқан күпіршілік жоқ. Сайып келгенде ол Қайып, Қорабай үшін барып тұрған сөкеттік, дөрекіліктің шегі, ақымақтықтың ақыры.

Қайып пен Ақбөбектің махаббаты күн өткен сайын өршуде. Ауылдағы алтыбақан ойыны жиіледі. Оны қыз жеңгелерінің бәрі біледі, бірақ білсе де білмеген күйде. Әйтсе де ел құлағы елу, біреуден біреу естіп, бай бәйбішесі, одан байға да жетті. Қырсыққанда жуық маңда біте қояр етік жоқ, етікші жігіт тоятты, қызық сәттер үзілмесін деп әдейі соза түсетін сияқты. Дегенмен таяқ еттен, сөз сүйектен өтеді. Ауыл арасындағы гулеп бара жатқан өңгімеден қаймыққан Есжан ақыры Қайыпты өз ауылынан қуып, Итбайға “Тез арада келінін алып кетсін!” деп хабар салды. Екі жас

бақытты күндердің де шенбері тарылып келе жатқанын білді. Білсе де бал татыған қызық сәттен айырылғысы келмеді. Ақыры Қайып қолайлы сәттің бірінде Ақбөбекті алып қашты. Алдымен Жарқұдықтағы ата-анасына барды.

– Әке, келін әкелдім!

– Әп бәрекелді! Қай ауылдың ботасы?

– Алыс емес. Елжан байдың Ақбөбегі.

– Не дейді? Ол дегенің бота емес, бұйдасынан байлаулы базарға шыққан бозтайлақ деуші еді ғой!

– Бәсі келіссе, базары не тәйірі.

– Иесі бардың киесі болады. “Келін келді!” деп жүргенде кепиеті соғып, бақ емес, сор болмасын.

Осы кезде Қайып артында жабыса тұрған жас келін болашақ атасына тізесін бүгіп сәлем берді де, бай қызына тән бұлалықпен “Ата, бұл сөзді ойнап айттыңыз ба, әлде ойлап айттыңыз ба, білмедім. Бірақ өз басым осы арадағы үш ауылға көзден көкала үйрек боп ұшатын шадыман шаттық емес, аузын шым-шым байлаған бір қап дау алып келдім. Оны рулы ел болып басасыздар ма, жоқ әлде жалыны Жарқұдықты шарпыған от қып шашасыздар ма, оны өздеріңіз білесіздер. Бірақ бір келуге келгенім рас” – деді.

Шындығында бұл сөздің жаны бар еді. Өйткені айттырып қойған Ақбөбекті әкесі Қорабай түгілі, қолымен шоқ көсеген Қайыптың өз босағаларында мәңгілік қалдыруға еш мүмкіншіктері жоқ еді. Артынша Есжан байдың ес жидырмас қарулы жігіттері Қорабайдың қосақтаулы қойларының арасына тығылған айдай Ақбөбекті алды-артына қаратпай ала жонеліп, иесі Итбайдың Есбергеніне тапсырды. Сүйгенінен айырылған әнші Қайып торға түскен арыстандай алас ұрып, бұлқынды. Аңырып қырға шапты, опынып ойға түсті. Аңызға айналған “Ақбөбек” әні күллі Маңғыстауды күңіретіп, Үстірттің үстінде, Қаратаудың жонында саз болып сарнады, жұлдыз боп ақты, носер боп сорғалады. Бірақ қайтып оралған қыз да, арманына жеткен асыл махаббат та жоқ. Есін жимай ақтап, бұл өмірден баз кешкен Қайып, сол бетімен ел асып, ессіз сүйген махаббатын Маңғыстауда қалдырады да түстіктегі Тәжікстаннан тұрақ табады. Ал Ақбөбек болса, сол бір отызыншы жылдардың ойранында өзі қосылған Есбергенімен Иран өтіп, алпысыншы жылдардың басында Гурген жерінде бақилық сапарға аттанады. Сөйтіп қазақтың жиырманшы

ғасырдағы Ләйлі-Мәжнүні атанған екі жастың туған жерінде олардың адал махаббаттары жәйлі ауыздан-ауызға тараған тек аңыз ғана қалды.

Мен бұл әңгімені жанымда отырған Болатқа айттым. Күні бойғы сапардан соң кешкілік шәй үстінде Есенғалидің есіне салдым. Олар тағдыр тәлкегіне ұшыраған ғашықтардың қиын жолдарына аяшулық білдіреді

...Даланың боз шүйке шаңды ала бөтен жолы тағы да бір жапандағы жанды тарих Желтауға алып келеді. Мұнда археологтардың еш шаруасы жоқ. Шаруа Есенғалидікі. Ұлттық Академияның Батыс Қазақстан бөлімшесі осында бүгінгі заманғы құрылыс үшін аса қажетті материал – ұлутастың мол қоры бар екендігін біледі. Бірақ ол жасы жетіп, піскен дүние ме, әлде әлі де күте тұруы қажет қор ма, мақсат осыны анықтау.

## ЖЕЛТАУ – АБЫЛДЫҢ ОТАНЫ

Алдымен алдымыздан көсіліп жалпақ жазық шықты. Қалың шилер арасынан жылғаланып соқыр бұлақ ағады. Бұлақ соңы шиыршық атып көз ұшындағы биік дөңге алып қашады. Дөң биік кабақ не жалданған жон емес – тау. Алыстан арбап, көз тартатын біз іздеп келе жатқан Желтау. Желтау туралы әңгіме көп. Бірақ мен білетіні, ол осы Желтау өткен ғасырдың ғажайып күйшісі, қазақ музыка өнеріндегі аса ірі тұлға, атақты Абыл Тарақұлының кіндік кесіп, кір жуған атакүлдігі. Абыл туралы әңгіме жетерлік. Солардың ең басында Маңғыстаудың соңғы “әулиесі” Әбіш Кекілбаевтың “Күй” хикаятының тұратыны белгілі. Бірақ басқасын қайдам, әйтсе де өз басым Абылдың “Абылы” мен “Наратуын” тыңдаудан артық ләззат жоқ деп білемін. Әрбірі жеке дара опера десе де болғандай ғой. Ахмет Жұбановтың айтуынша атақты Қошқар күйші “Наратудың” халықтық нұсқадағы тоғыз түрін түгел орындайды екен. Ғажапты қараңыз, заңғар А.В.Затаевичтің өзі Науша Бөкейхановтан жазып алған ең осал нұсқасының өзін поэма деп бағалап “Мен нотаға түсірген шығармалардың ішіндегі ең қиыны” дейді. Ал “Наратуын” күйшінің өзі көзі тірісінде шәкірттеріне бұл шығарманы “Мен өлгенде жаназама орындарсындар” деп тапсырған екен. Адам өлімінде жоқтау айтса да шығанда бір

күй орындамайтын казак “Наратуды” сол дәстүрді бұзып, реквием дәрежесіне жетеді деп тұрса, не деп уәж айтарсыз. Ақыры дұрыс та.

Қош, бәрі де жөн-ақ. Бірақ сол шығармаларды бүгінгінің күй білмес, түсінбес дарақылардың арасында емес, дара отырып, өзіңмен өзің, кітаптың оқуы өткен жаттанды күйшілер емес, халықтың өз ортасынан, кәдімгі табиғи құлақ, көз, саусақпен үйренген ерекше дарын Ғатау Ибішев сынды ерекше дарын, шебердің саусағынан тындасаныз. “Беу!” деп бір қойыңыз. Күйге шөліккеген ындыныңыз қанып, ымыра-алғысыңыз төгілер еді-ау!

Құдайшылығына келсек, Абыл – күй тәңірісі, саз сүлейі. Одан тәлім-тәрбие алған Есбай Балұстаұлының өзі “Ақжеленнің” алпыс екі түрін шығарып, орындапты деседі. Сол Есбай өмір бойы өнерден ләззат тауып, бала-шаға, мал-мүліктің бәрін жиып тастап, соңғы демін де күймен үзіпті. Бір қарағанда Есбай өмірінде жәй нәрсе жоқ, бәрі де қым-қиғаш қарама-қайшылықтарға толы. Әрине, оның бәрін дәл қазір санамалап, айтып жату мүмкін емес. Бірақ оның соңғы “Өттің дүние” күйінің шығу тарихына ден қойсақ, ел ішінде Тазбала атанған Есбайдың қаншалықты қайталанбас дара тұлға екендігін білуге болар еді.

Қашан да Кіші жүздің кіндік тұсы деп Сағыз, Мұқы, кейде Кең Жылыой, болмаса Көкжарды атайды. Әрине, соңғы екеуі—бірі қалың Адайдың жоғарыдан төмен, не ойдан қырға, көктем мен күзде әрі-бері құлағанда аяқ созар алқабы болса, екіншісі – жәрменкесімен жан жинап, ағайын тоғыстар ұйығымен ғана аталатын шығар. Әйтпесе анау айтқан реті де шамалы.

Әңгіме онда емес, әйтеуір сол Көкжар жақтағы көленкесі ұзын, көкірегі ояу правитель Каналы төре қыз ұзататын болып, Кіші жүздің үш анасына түгел хабар салады. Онда палуандар белдесуі, алтын қабақ ату, ат жарыс, ақындар айтысы, тағысын-тағы жарыстардың бәрі өтеді. Жыршы-термеші, әншілер атаулы да қалмасын деп хабарланады.

Бұл Есбайдың өмірде де, өнерде де есейген тұсы болса керек. Сонда да он екі ата Байұлы атынан күй сайысына қатыспақ болып жолға шығады. Сөйтсе әлімдерден Тоғызбай, Жетірудан он жеті жасар Науша қыз кеп, алдын ала көл жағасына оңаша киіз үй тіктіріп, дайындық үстінде екен. Есбайдың әзірлігі өзінде, ауыл-ауылды

аралап, күйін шалып жүре береді. Кезек күйге жеткенде Каналы барлық күйшілерді шақырып, күллі жиналған қауымға “Той менікі, берілер бәйге, байрақ та менікі. Олай болса жеңімпазды да өзім таңдаймын. Ендеше, ешкім емеурін білдіріп, сыр ашпасын, және орындалатын күй әркімнің өз шығармасы болуы керек” деген пәрмен тастайды да, кезекті сайыскерлердің ең жасы және қыз баланың жолы үлкен деп Наушаға береді.

Ол “Кербез-керік” деп, өзінің жасы келіп, нағыз отімді кезінен хабар берер ойнақы да шалтты күйін шалқыта орындайды. Екінші болып, оған сәл ересектеу әлімдік күйші Тоғызбай керек десеніз бабындағы жасымда тұрмын. Бойымдағы шабыт қуаты лекітіп келеді де тұрады деген пияғыда “Лек-лек” атты күйін орындайды. Кезек Тазбала-Есбайға келгенде ол сәл тыныстап, “Маған дейін күй безенгендер арасында аяқ астынан толғатып, жаңа дүние толғаған бірі жоқ, бәрі де ауылдарынан алып келген жасамыс шығармалары. Ал мен болсам бұлардың қылығынан өзгешелеу, бірақ оң емес, теріс қағыстағы тап қазіргі тың туындымды толғайын. Аты — “Терісқакпай-Ақжелен” деп бастап кетеді.

Күй аяқталғанда тындаушы жұрт елең етіп “Пай-пай, шіркін-ай, мына қарияның он саусағы түгел жорғалайды ғой” деп таңтамаша болады. Сол кезде күй бағып отырған төре “Ой, құдайым-ай осы қазақтың өз аузына ие болатын күнін қашан көрер екенбіз”, — деп өзгеге бұрын отырған байрағын амалсыздан халық қалаған Тазбалаға табыстайды.

Үй сыртында күй жеңімпазына тігілген үш жасар кер бұқа басына топырақ шашып, өкіріп-бақырып, күйсең тұр. Мезгіл-мезгіл бауырын шаққан боз бөгелекті мүйіз шайқап, жасқап қояды. Жібек шапанын нығына іліп, кер бұқаны жетектеген жеңімпаз күйші сол арада “Бөгелек”, “Кербұқа” атты қос күйді қатар жебейді. Осы кезде бас бәйгеден дәмеленіп, бәлен күн бойы оңаша үйде күй тоғіп, шабыт шақырған Науша қыз жастығы ма, әлде етегі көтеріліп, ерке қылығын ешкім еншілемегендігін алға тартты ма, той несіне “Төрем, балалығым ба, әлде той бастау қиындығы ма екен, әйтеуір, қайдам, шамалылау күй тартып қашпын, тағы бір кезек беріңіз” — деп, Қанай төренің рұхсатымен “Бұлбұл” атты тағы бір күй орындайды.

Жас қыздың бағылдығы мен шеберлігіне тәнті болған той несі “Әуелден бәйге алу реті сенікі еді, бірақ шеберліктің маңдайы



касқа келеді де, көзге бірінші түседі” деп Наушаға екі бесті бірдей жібек шапан жауыпты. Сонда Есбай орынан қозғалақтап “Уа, халайық, мен қашан да қолыма домбыраны талай арқалының соңында алушы едім де, менен кейін ешкім бұл аспапқа қол созбайтұғын-ды. Мына бала ол дәстүрді бұзды. Асылы, заманым отіп, бар қызық жастарға ауысқан екен. Әлейім жалған, өттің дүние осы гой. мынау соңғы күйім болсын!” деп тағы да екі күй орындайды. Оның бірі “Әлейім жалған” да, екіншісі “Өттің дүние” көрінеді.

Тазбала осы сапарында бұлардан басқа да “Ел айырылған”, “Шыбын қағар”, “Таздың күйі”, “Шажда қыз” деген де күйлер шығарыпты деседі. Сайып келгенде, құлақ салса аталған күйлердің шығу тарихы осы, тікелей Каналы правительдің қыз ұзату тойы, ондағы күй додасына қатысты. Мүмкін, рас та шығар. Қалай десек те, Тазбаланың атақты Абылға, Абылдың біз келе жатқан осы Желтауға қатысы бар екені рас.

Иә, қазақтың қай қыры мен төбесі де киелі, тарихқа бай, шергер сыры мол. Сойтіп біз болашақ үлкен құрылыстарға аса қажетгі ұлу тастарын қойнына тағып, сұлық жатқан Желтауға жетіп, махаббаттың біздің жердегі тағы бір Қозы Көрпеш – Баян сұлуы – Асалы – Көкетай мазарын тамашаладық.

Ол Опорный ауылының Төңірскшың бетінде орналасқан. Күмбез қуғыншылар қолынан қаза тауып, бір-біріне қосыла алмай кеткен қос мұңлық – ғашықтарға арналып қойылған. Көкетай байдың сұлу қызы да, Асалы сол байдың жылқышысы, жарлы жігіт. Бірақ олар бір-бірін жарлы-бай деп жіктемей, жақсы көреді, сүйеді. Ақырған бай мен алдында мыңғырған малы жоқ кедейдің құда болған күні жоқ, ешқашан ит жындары біріккен де емес. Сонда қайтпек. Ақыры ессіз ғашықтар Асалының Жем бойындағы ағайындарына жетіп, бой тасалау, сойтіп түтін түтетіп, отау құру ниетіне ауылдарынан қашып шығады. Арттарынан қуғыншылар шығып, жетіп алады. Асалы қарсыласып, қарулы жігіттер қолынан қаза табады. Сүйгенінің артында қалғысы келмеген Көкетай да ағайын-туыстың айтқанына қонбей, өзіне-өзі қол жұмсап, Асалымен бірге жанын қияды.

Тегінде, бұл өңірде ондай ғашықтық өртіне шарпылып, шыбын жанын дауға салған мұңлықтар саны жетерлік. Керек

десеңіз Таздың атакты батыры, патшалық империяға өмір бойы қарсылықпен өткен Нарынбай мен Отендердің жан серігі Төремұраттың да қазасы осы махаббат дауы, Қызданайдың “қырсығы” еді.

Қош, сонымен, бетті ауылға бұрын, кейінгі кездегі керемет мұнай көзі – Қисымбайға бел шешіп, ертесінде Сарықамыс поселкесі жанында аз-мұз жұмыс жүргіздік. “Ізденген жетер мұратқа” деген емес пе? Мұнда да сарматтар дәуірінде жерленген сарбаз мүрдесі үстінен шықтық. Археолог З.Самашев ақтарар сыр көп. Ол әр сүйекті ұстап ап, талай топшылауларға ерік беріп, ақырында өз тұжырымын айтады. Ал фотосуретші Ю.Черкасов болса, Зекеннің әр болжамын суретке басып, Болат Нұрғазиев бейнетаспаға жазады. Біз қойын кітапшамызды толтырамыз.

– Мынау, – дейді Зейнолла Самашұлы, – қола дәуірінің басына темір дулыға киген, жанына қышжал байлаған жауынгері. Ал мына біреу, – екінші жерден тапқан бас сүйекті қолына ап – әйел адам. Танданарлығы – төменгі жақ сүйегіндегі бір тісі, тіптен бөлекше біткен екен. Бұдан әрі ол әлгі әйелдің әшекей бұйымдары – айна, моншақтары жәйлі әңгімелейді. Басқа да тұрмыстық бұйымдары туралы айтады.

Неолит, сармат дәуірлерінің мұндай жәдігерлері Қаратон поселкесі маңына жүргізілген байқау, болжау жұмыстары кезінде де табылды.

Ендігі бағытымыз көне Сарайшық қаласы. Ол бір кездегі ерке Еділ жағасындағы Үлкен Сарай – Берке Сарайынан кейінгі екінші шаһар, талай хандардың жаз бойы демалып, балық аулап, аң қағатын саяжайы, Еуропаның әр шалғайынан кіре тартқан Ұлы Жібек жолы үстіндегі ғаламдағы Бағдаттан кейінгі екінші жүзбелі көпірі бар Ұлысу өзені бойындағы ірі қала. Ақсақ Темірдің қан қақсатқан қолынан соң қайтадан есін жиып, Ноғай хандығының астанасы атанған Сарайшық 1580 жылы казактар қолынан бұратала қирап, ақырында Жайық өзені бойындағы көп станциялардың бірі боп қалды. 1812 жылы оның соңғы кірпіштерін сол кезде Гурьев қаласында салынып жатқан шіркеу құрылысына пайдаланды. Сөйтіп көне Сарайшық қаласы соңғы үйлерінен де айырылып, тек тарихта аты ғана қалды. Жайық өзенінің

жыл өткен сайынғы өр суы тасуында орнын өзгертiп, оңтүстікке қарай жылжуы бiр кездегi қала орнының бiрте-бiрте су астында қалуына себеп болды. Археологтардың айтуынша, бұл күнде аталмыш қаланың тек үштен бiр бөлiгi ғана сақталған, оның өзi де қала шетi. қорымдар орны ғана. Егер озен жағаларын тез арада бекiтiп болмаса Жайық арнасын өзгерту арқылы, өр суының әсерiн азайтпаса алдағы 5-6 жылда қона қала түгелдей су астында қалып, құрып кету қаупiнде.

Қала орнына әр жылдары археологиялық қазба жұмыстары жүргiзiлдi. Солардың iшiнде соңғы 5-6 жылдағы жұмыстар нәтижесi қуанарлықтай. Көп жайлардың сыры ашылды. Ең бастысы қала құрылысының қай жылдары салынғандығы анықталды. Өйткенi бiр ғалымдар оны Алтын Орда дәуiрiнде бой көтерген қала десе, екiншiлерi “Бұл мүмкiн бұрынғы Саксин қаласының орнына салынған, тағы бiреулер бiздiң дәуiрiмiздiң VIII ғасырында, тiптi I ғасырда бой көтерген қала” деген болжамдар айтатын. Ал шындығында Сарайшық XII ғасырда iрге тепкен де Алтын Орда өмiр сүрген дәуiрде, көркейiп, гүлденген. Бұл археологтардың соңғы жылдарғы тынымсыз қазба жұмыстарының нәтижесiнде дәлелденген болжам. Сондай-ақ Сарайшық кезiнде қытай, үндi, иран елдерiмен де сауда, экономикалық байланыста болып, ұдайы араласып жатқан. Бiрақ аталған қала орнына жүргiзiлiп жатқан археологиялық қазба жұмыстары әлi аяқталған жоқ. Алдағы уақыттарда да жалғасады, соған сай әлi де тың жаңалықтар, ашылулар болады деп ойлаймыз. Ендеше Сарайшық туралы әңгiменi осымен аяқтай тұрып, келесi сапарлар туралы сөз қозғайық.

Экспедиция бұдан әрi анау Ресей жерiнде жатқан Кiшi Жүздiң соңғы хандарының бiрi, Бөкей Ордасының негiзiн қалаған Бөкей басында боп, зират еттi.

## ЕНДІГІ БАҒЫТ – ЕДІЛ БОЙЫ

Сарайшықтан Бөкей жатқан Кiшiкене арал ауылына (Астрахань облысы, Крiсный Яр ауданы) жол тартқанда баяғы Бату, Берке Сарайларға өкше көтерген қона Жiбек жолының көсегелi сүрлеуi есiне түседi. Болмаса Алтын орда өмiр сүрген тұста Сарайдан Қаракорымға сапар шеккен италия мен арабтың жиһанкес елкесбелерi Пiано Карпини мен Гильдома

де Рубрук, Марко Поло, Ибн Батутта жазбалары ойға оралады.

Сол көне жазбалардың өзін былай қойғанда, бабадан балаға аңыз болып жеткен әр қилы әңгімелердің өзі қаншама? Әсіресе, әлгі айтқан Алтын Орда дәуірі, Ноғайлы заманының Әз Жәнібек, Асан қайғы мен Сыпыра, Жиренше мен Қарашаш, Орақ, Мамай туралы неше алуан сөздер келпеден бүгінге міні құрымай жетті емес пе?!

Ноғайлы заманы сөз болса, “Азау” атауы еріксіз еске түседі. Оны тарихшылардың біразы қазіргі Азов теңізінің ежелгі атауы деп түсіндіреді. Ал әлгі айтқан Ресей аймағына екі шақырымға жетер-жетпес боп кіріп жатқан Кішкене аралдан сәл терістік шығысқа бет бұрсаныз қазірде азмұз шөгіп, ожырайған кейпін опырыңқырып жіберген биік шағыл – “Азау” құмы көрінеді. Бұл бір кездегі ноғайлар мекені, әлі де солай. Өйткені мынау Кішкене арал тұрғындары түп-түгел ноғайлар. Ал өздерінің өлең-жырларында “Азау” деп ауыздарынан тастамайтын Доспамбет, Марқасқа, Шалқиіз, Жиенбеттеріңіздің қай-қайсысы да анау алыстағы Азов емес, тап мына Азауда, осы ноғайлар мекенінде дүниеге келген. Ендеше осындайда ойға бұл қайдағы Азау, әлде ана Азаудан телеріш көрген азовлықтар тағдыр тәлкегімен бері ауысып, өз ауылдарын “ежелгі азаулықтармыз” деп атай салды ма екен. Болмаса бұл Азаудың ана Азауға (Азовқа) еш қатысы жоқ, Ноғайлының өз Азауы ма?” деген сауалдар оралады.

Кішкене аралдан бесіндікке иск көтерсеңіз, алыстағы акшулан толқындар арасынан ежелгі Әжітархан – қазіргі Астраханның көне кремльдерінің кресті мұнаралары көрінеді. Астрахань да тарихқа бай. Бірақ оның өткенін ойлы оқырман талай бұзау қон қатты, қалың кітаптардан ақтарып, санасында сақтаған да шығар. Ал мына бір деректі көп адам біле де бермейді. Ол атакты Қажымұқанның Астраханда болуы еді.

## ҚАЖЫМҰҚАН – АСТРАХАНЬДА

Төрт рет дүние жүзінің және Европа чемпионы аталып, 59 шет мемлекетте болған, 48 медаль алған халқымыздың палуандар патшасы Қажымұқан Мұнайтпасов көзі тірісінде талай әлем чемпиондарын, Европа мен Азияның арқасы жерге тимеген алыптарын тізе бүктірген батыр баба (Ол 1927 жылы ресми түрде “Қазақ даласының батыры” атағын алған) патшалы, кейіннен

кенестік Ресейдің көшпелі циркі құрамында боп, көптеген жерде өнер көрсеткен. Соның бірі Астрахань қаласында өткенге ұқсайды. Онда мынандай жағдай болған екен. Ол жәйлі аталған оқиғаның куәгері аталған облыстың Лебяжье селосында тұрған, қазір арамызда жоқ Қами Жұмағалиев ақсақал кезінде бізге былай деп әңгімелеген еді.

Бұл шамамен 1910 жылдары болса керек. Алдында ғана Ригада өткен классикалық күрестен дүниежүзілік жарыста бас бәйгені иемденіп, аты әлемге аян болған Қажымұқан Мұнайтпасов Астраханьға көшпелі цирк құрамында келеді. Еділ жағасындағы көне қаланың елгезек халқы күш атасын қол қусырып, күшәк жая қарсы алады. Ойдағы-қырдағы қазақтар да “Қажымұқан келді” дегенді естіп, цирк қызығын таманалауға асығады. Ойын соңынан палуанның өзімен тілдесіп, үйлеріне кіріп, дәм татуға шақырады. Солардың бірі ретінде Лебяжьеде тұратын атақты күйші, Құрманғазының шәкірті Ерғали Есжанов та арнайы ат арбасын қолденең тартып: “Біз де тағдыр айдап, туған жерден онша алыс болмаса да шетте жүрген ағайындарыңызбыз. Өзіңіздің ортамызға келгеніңіз зор мәртебе болды. Ендігі тілек — от басымызға келіп, төрімізге озсаңыз, сөйтіп, алыс-жақындағы көрген-білгеніңізден сыр ақтарсаңыз, әңгіме тыңдасақ. Бұл бүкіл аулымыздың тілегі. Мен сізге үлкендер отінішін жеткізіп тұрмын “күп алғайсыз” дейді.

Палуан да бәлсінбей туғандар ұсынысына бірден-ақ келісімін береді. Лебяжьеде мынадай, бір қарағанда оқыс, екінші жағынан қызық жәй болады.

Ерекең үйіне аулалас, көрші тұратын татардың ерке шолжың баласы Қажекендер бір топ жолдастарымен аулаға ене бергенде қорада жемде тұрған бұқаны босатады да жібереді. Күні-түні байлауда, ұрынарға қара таппай тұрған семіз бұқа қонақтарға қарай өкіріп, бақырып шаба жөнеледі. Мұндайда күптеген қонақтар абыржып, қапелімде не істерін білмей қалады. Бірақ осы сәтте Қажекен суырылып алға шығып, шалт қимылмен бұқаның шаңырақ мүйізіне жармасады да, қабырғаласа жүріп шоқтықтан қаусыра күшәктаған күйі, асықша іріп, атып кеп жібереді. Әудем жерге омақаса күлаған беймаза бұқа орнынан азар көтеріліп, ауланың аулақтау бұрышына кете барады.

Ерғали көрші ұлдың бұл сынды әумесер қылығына қатты ұялып, ренжіп қалады ма деген ниетпен күрметті қонағынан қайта-қайта

кешірім сұрайды. Ал ол болса тап бір ештеңе болмағандай “Оқасы жоқ, балдыздың бір بازیнасын көтермесек, несіне жезде атандық. Солай емес пе, апасы-ау?” деп әйелі Батимаға қараған күйі қарқ-қарқ күліпті.

Қадірменді мейманынын қабағына кірбін ұяламағанына әбден көзі жеткен Ерекең алға түсіп емен-жарқын пейілмен үйге бастайды.

Бұл кештегі отырыс өте тартымды, әсерлі өтеді. Қажымұқан күрес өнеріндегі американдық Джо, неміс Поль Абс, Фон Кенич, Ганс Каван, италяндық Струмент, француз Жан Сабатье, Фиедри Колос, эстон Тигане, атышулы Алекс Аберт, Георг Лурих және Азия мен Африканың арыстандары Темір Булат Кануков, Али Осман, Сали Сулейман, Робине Хосаев, Чемберс Ципс, Ли Хун Синг, Мурзук Кахута, Сара Ки-Кимен таңғажайып кездесулері жәйлі айтса, үй иесі тартынбастан күй шертіп, көңіл көтереді. Әсіресе күрес күдіретінің жанында жүрген Бәтима (Надежда Николаевна Чепковская) жеңгеміздің ризашылығында шек болмай, қайнысына қайта-қайта қолқа сап, күй орындатқызады, татар, орыс әуендерін тартқызады. Сөйтіп бұл кеш лебязжәсіліктер есінде ұзақ сақталып қалады.

...Тап солай, өткен ғасыр басында Қажымұқан палуан Астраханьда болса, осы біз тұрған төбеден бар-жоғы 2-3 шақырым жердегі Бәйбекте 1920-1930 жж. әйгілі Сәйтәк (Оразалинов) күйші, ал мынау шығыстағы көзге ұрып тұрған боз төбе — Жыңғылдыкөлде күй анасы Дина тұрған. Сайып келгенде ата күлдік Нарынның күн шығысындағы Бекетай құмында орналасқан күйші ана теңіз бойындағы Жыңғылдыкөлге қалай келді? Осы жерден Алматыға аттаныпты. Оған не себеп болды? Бұлар жәйлі көп адам біле бермейді. Реті келгенде оны айта отырайық.

## **ЖЫҢҒЫЛДЫКӨЛДЕН АЛМАТЫҒА**

Откен ғасырдың 1920-22 жж. Нарын бойындағы дала тұрғындары үшін өте қиын болды. Оның түрлі себептері де бар-ды. Әуелі Орал жақтан қызылдардан қатты соққы жеген Анненков әскері оңтүстіктегі Иран, Түркияға бағыттап ығысады да, күн салқындап кетуіне орай Жаңғала бойында қыстап қалады. Жай ғана қыстаған жоқ, жергілікті халыққа бықпырт тигендей

алдындағы азық-түлік, дүние-мүлкін. керек десеніз ауласындағы малына дейін тартып ап, қарсыласқандарды атып тастап отырды. Оған қоса сол кезде әуе-табиғат жағдайы да келіспей, қысы қатты, жазы жайсыз боп, жері қуаң, ылғалы аз, малмен күн көрген адамдар тек құрығын ұстап, құрап қалды.

Осы сынды тағдырдың екі жақты қыспағын қатар көрген тұрғындар бұдан былай базарында аз-мүз астыңы, суында балыңы бар Еділ бойын сағалап Каспийдің терістік бетіне қоныс аудара бастады. Солардың ішінде Бекетай құмында отырған Дина да бар еді. Біраз уақыт Астраханьның Козлов, Бәйбек ауылдары, өзіміздің (Қазақстанның) Ковяков селосының сыртында аялдап, қыс кездерінде кейбір әлді қожайындардың қолында желі бар балаларын домбыраға үйретіп, көктем, жаз, күз айларында Котяев, Кордуан базарларындағы жәрменкелерге қатысатын базаршылар алдында күй шалағын.

Дина Кенжеқызының күйшілік өнеріне тәнті болған көпшілік қауым, жеке дара өнерпаздар ылғи да ол тоқтаған үйлер мен жәрменкелерге іздеп барып, күйлерін тыңдайтын, шеберлік қырларын үйренетін. Сондай жанның бірі – Смағұл Көшекбаев болатын. Нұржау бойы, теңіз беткейіндегі жаға-қырлықта оскен ол жастайынан өнерге ғашық еді. Өсе келе Сейтек күйлерін көп тыңдады, үйренді. Дина шеберлігіне де ден қойды. Смағұл музыкалық аспаптардың қай қайсысында да еркін ойнайтын. Отызыншы жылдардың алғашқы жартысында Ковяковтағы “Пионер” орталау мектебінде сабақ беріп жүрген ол астындағы “Орленок” есімді жалғыз атын сатып, соның қаржысына Алматыға аттанды. Мақсат – үлкен өнердің есігін қағу, беделді додаларда бағын сынау. Бұл туралы А.Жұбанов өзінің “Ғасырлар пернесі” кітабында “1937 ж. көктемінде Гурьев облысы Теңіз ауданынан Алматыға домбырашы, мұғалім, ақын және әуесқой композитор Смағұл Көшекбаев келіп, КазЦИК атындағы оркестрге кірді. Сонымен қатар ол филармонияның қарауына берілген казак музыкасы кабинетінің қызметкері болды. Көшекбаев Динаны біледі екен. Кабинеттің тапсыруы бойынша Динаны Алматыға шақырып келуге кетті”, – деп жазады. Мұндағы ой – аталған оркестрді ел ішіндегі халықтық таланттармен толықтыру, репертуарындағы не бір асыл шығармаларды жазып, қағазға түсіру. кейінгі жастарға үйрету еді.

Смағұл аға Алматыдан келе сала өз қызын Дина шешемізге жеткізеді. 76 жастағы кәрі ана бұл ұсынысқа еш қарсылық білдірмейді, қайта келісімен беріп: “Қайда апарсаңдар да барамын!” — дейді. Осындай ұсыныс Ганюшкиндегі колхоз-совхоз театрында істеп жүрген домбырашылар Қонаш Айсин, Мендіғали Сүлейменов, Ишанғали Жанқановтармен бірге Меңкеннің ұлы, жасы жеткен Хисметгерге де айтылды. Солардың ішінде аса бір жасамыс Қонаш қария болмаса, қалғаны аталған ұсынысқа бірден келісім берлі.

Бұл кезде Дина қазіргі Құрманғазы ауданы N 3 темір жол бекетінің (аталған бекет Бөкей бейітінен 2-3-ақ шақырым) шығысында, баржоғы 3-4 шақырым жердегі Карапшин мекені, бұрынғыша айтсақ Жыңғылдыкөл деген жерде отыратын. Ол өзі Қазақстан территориясына сиыр тіліне ұқсап сүйірлене еніп жатқан Ресей жерімен шекаралас, егер бір-екі шақырым шығысқа қозғалып, қоныс өзгертсе болды орыс жері болып шыға келеді. Республика халық ағарту Комиссариаты ұйымдастырған Бүкілқазақстандық халық өнері қайраткерлерінің бірінші слетіне Дина Ресей территориясында, яғни жоғарыда айтқан Козловта тұрғандықтан қатыса алмаған болатын. Бұл жолы әдейі айту, қолқалау нәтижесінде қол жетті. Бірақ көпті корген кәрі ана “Жас ұлғайып, бағымның базардан қайтар тұсында бәйігеге қосыламын деп, желпілдеп отырмын ғой. Мүмкін, бұған дейін байрақ атаулыны жібермеген алтын қолым жұлдызы жанып, тағы да топтан озар. Озбаса озатыңдар кімдер екен, оны корейін. Бір қарағанда бұндай сапар енді қайтып келе ме, жоқ па? Әйтсе де, алдымен, туған топырағым — Бекетай құмына жетіп, әке-шеше, ата-ене бейіттеріне құран оқын, бастарына бір уыс топырақ салайын. Тірілермен бақұлдасып, коштасайын”, — деп 10-15 күнге мұрсат сұрайды. Бірақ екі апта деп кеткен Дина шешеміз оның үстіне тағы да екі апта қосып, бір айда азар оралады.

Бұл кезде қарап жатқан Смағұл жоқ, ауыл-ауылда көркемоңерпаздар сайысын откізіп, оларда өзі іріктеген таңдаулы күйшілердің де шығармалар жебеуіне мүмкіндік туғызды. Астраханьның Құмөзегінде тұратын Ерғали күйшіге барып, Алматыда өнер корсетуге қолқа салды. Бірақ ол бірден кеңес өкіметіне өкшелі екенін айтты. “Мен, — деді ол — тоңкеріс болады, барша халықты жарылқайды, әсіресе кедей-кеңшікке күн туады дегенге жанымды салып, балаларымның бәрін сол жолға тәрбиелесем, кешегі



28-30 жж. әлгі үкіметің өзімді аулымдағы оншақты қойым, шәй қатықтық 2-3 сиырым үшін құлақ, балаларымды құлақтың ұлы деп ағаш атқа мінгізіп, артымнан ала төбет іт қосқаны есімнен кетпейді. Ондай үкіметтен жылылық болады, 70-тен асқанда ұшпаққа шығарады деп тіпті де ойламаймын. Ниетіңе рахмет! Бірақ жолыңнан қалма. Мен бармаймын!”

Каспийдің тар қолтығына тығылған қарттың қаһары қатты екен. Қалай айтса да көнбей қойды. Бұдан әрі Ысскен адай шалдың енді қайтып илікпейтініне әбден көзі жетті де қайтып кетті.

Дина шешей бұл кезде кіндік кесіп, кір жуған Бекетай құмында туғандарымен қоштасып, үлкен жолға әзірлік үстінде жүрген еді. Исатайлық Ғатау Рамазанов сол бір шақты еске алып, бүгінде былайша әңгімелейді:

— 1937 жылдың күзге салымы еді. Бірақ жаз ыстығы әлі де қайта қоймаған шақ. Сәскеге таман біздің ауылға қасында әлде бір ағайыны бар Дина шешей келді. Астында ақ тайлақ, басында қорағаштай ғып байлаған нән жаулық. Үстінде кара тақыр мақпалдан тіккен жеңіл камзол. Тайлақтың алдыңғы оркешіне мол ақтықпен шанди ораған домбырасын ілген. Үйдегілер күнсіп, шөлдеп келген қонақты құшақ жая қарсы алып, шәй қойды, әкем жалма-жан бір бағыланды аударып, шешеміз тездетіп қазан көтерді.

Дастархан басында күйші өзінің осыдан барған соң ұзақ жолға — Алматыға аттанатындығын айтып, туған жерін қимастықпен қайта-қайта еске алып отырды”, — дейді.

Ал, сол Дина тұрған Жыңғылды көлден Котяев ауылына бағыт алған орта жолдағы бәлен қабат көп судың бірі — Рожок мекенінде күні кешеге дейін тұрған Қымбат Нұрғали келіні осыдан екі-үш жыл бұрын ғана дүние салды. Арғы-бергі әңгімені анда-санда айтса да әрдайым дәмді ғып жеткізетін сол анамыз “Дина апайды Рожоктан Ганюшкин бағытына соңғы рет шығарып салған да өзім. Ол кісі Жыңғылды көлде отырғанда Котяев базарына апта сайын баратын, жәрмеңкесінен қалмайтын. Құмда өсіп, су мөнісін көп біле бермейтін кейуана кемпір өзектен өтерде кез-келген жаңға сене бермей ылғи да мені іздеп жүретін. Бір ғажабы ол кісі үлкен боп тұғыр ат, не бойыңғы боз інген, атанға аяқ артқанын көрген емесін. Ылғи да өспейтін, өшпейтін ақ тайлағын бақыртып келіп жатады, кетіп баратады.

Соңғысында “Келінжан, мен әлі ата-бабам баспаған, ұзақ жолға аттанып барамын. Мақсат — ұстазым Күрсекен күйлерін барша қазақ кейінгі ұрпаққа жеткізу. Мүмкін, бұдан әрі көріспейтін де шығармын, тіпті саған судан өткіз деп қолқа салмаспын да. Бірақ бір күн дәмдеске қырық күн сәлем деген емес пе? Рахмет, жаным! Жүріп кетсек, артымыздан жұбату айтып, еске аларсың” дегені. Расында да Қымбат апай содан қайтып Дина шешейді көрменгі.

Дина, Мендіғалилар Алматыға аттанар ашында Ганюшкенде үлкен концерт береді. Оған марқұм Айса баласы Қонаш күйші. Фимыран Балтаев, Ишанғали Жанханов, Хисмет Мендіғалиевтер де қатысады. Ертесіне құрамында Смағұл бастаған бес адам, яғни Дина, әкелі-балалы Мендіғали мен Хисмет, Ишанғали Астрахань, Орал арқылы Алматыда өтетін республикалық екінші өнер фестиваліне қатысу үшін жүріп кетеді. Жолай Оралға, ондағы белгілі “Сән-ау!” күйінің авторы Кәуенте соғады. Бірақ ол да жасының ұлғайғандығын бетке ұстап, аталған жарысқа қатыса алмайтындығын айтады.

Сол бір отызыншы жылдары Мәскеу мен Алматы арасына қазіргідей күндесін-күнде жүйткіп жағқан пойыз жоқ. Барларының жүрістері де шабан-ақ. Ит арқасы қияндағы ұзақ жолдағы бес жолаушының ермектері өткен-кеткенді ойға оралтып, мезгіл-мезгіл күй шалады. Әсіресе, қос қарияның қолын қарау қалғандарының басты арманы. Бірақ назардың көбірек ауатын Дина шешейдің қолына домбыра алуы сирек-ақ. Онда да Смағұл аға “Бәленшекен ана күйдің мына жерін былайша тартатын еді. ананың тартқаны тіпті басқаша, ал сіз қалай тартар едіңіз? Тағы бірінікі мүлдем қате, сіз де соған үқсайсыз” деп адуын күйшіні алдап соғып, ақыры амалсыз қолына домбыра алғызатын. Ондайда Дина шешеміз әбден ызаланып барып, өзінің бір толғағанда қанша шығарманы шыырғанын өзі де білмей қалатын. Ал қалғандарына керегі де сол. Тіпті сирек орындалатын халық күйлеріне шейін түйдектетін. Сөйтіп, бірінің білетінін екіншісі, екіншісінікін үшіншісі үйренген шағын топ, апталап жол шегіп, сары алтын күздің салғанағғы шағында Алматыға да жетті.

Бұлар барса фестиваль басталып кетіпті. Бірақ жол мойнының қашықтығы және келіп тұрған күйшілердің өз елінде өте беделді, айтулы күйшілер екендігін алға тартып, екі қарияны бірден-ақ сахнаға шығарып жіберуге тура келді. Ғұмыр бойы дайындық дегенді бетке ұстап, арнайы уақыт жойып, бәлсініп көрмеген қос

тарлан сахна торіне жайылған қалы кілемдегі құрақ көрпеге малдасын құрып, отыра қалуы мұң екен. халқымыздың кара домбырасы сөйлей ала жонелді. Өнер соны дүркіреген қол соғу. Сахнадан жібермей тағы да күй сұрау. Тағы да шатырлаған шапалақ. Сөйтіп Атыраудан ат арытып жеткен қос алып фестивальдің бас жүдесін жеңіп алып, жаңадан, республикалық филармония жанынан құрылып жатқан болашақ Құрманғазы атындағы ұлт аспаптар оркестрінің жеке орындаушылары болып қабылданды. Қалғандары да сол оркестрге алынып, жұмыс істей бастады.

Әрине, алыс ауылдардан нағыз орындаушыларды шақырып, фестиваль өткізу, келген күйшілердің бетке ұстарын шашау шығармай жұмысқа алып, ебіл-себіл болудағы басты мақсат — осынау елден жеткен, нағыз қазыналы халық ортасынан келген өнерлі жандар жадындағы барлық байлықты өзгелерге де үйретіп, қағазға түсіру, сойтіп халыққа қайтадан жеткізу. Осы ниетпен сүйегі қатып кеткен қариялар өз алдына, ал жастар жағына түгелдей ноталық сауат аштыру, тек бір өнердің шығармалары емес, күллі казактың күй-өнері дәстүрін үйрету, аға буын өкілдерінің орындау, тарту шеберліктерін меңгеру.

Міне осы ретте әр қарияның қасына қос-қостан жас домбырашыларды қойып, олардың орындау шеберліктерін игеруіне жағдай жасады. Бұл бүгінгі асыл мұрамыздың сол кезден бастап тірнектеліп жиналуына негіз болды.

\* \* \*

Бұл қазан айының соңғы күндері еді. Күн желкем, тіпті өңменіңнен өткен өткір-ақ. Еңісте хан қадір тұтқан Сейіт баба Құбайлының бейіті де, оның аяқ жағындағы биік төбе тосінде дағарадай боп Бөкейхан мазары тұр. Баста он сан ой өрбиді. Бір кездегі ата жұрт егер осы Бөкей болмаса қандастырымызға қайта бұйырып, оралар ма еді, ай, қайдам?! Қазіргідей кіндік қанымыз осында тамып, осы өлкені туған жер деп еркімізше тайраңдар ма едік. Айта алмаймын.

Құлаққа қалың дүбірі келеді. Мүмкін бұл ғасырлар бойы тұған жердің әр пұшпағындағы ұлтарактай жері, оны мекендеген адамдардың теңдігі мен бостандығы, азаттығы үшін “еңку-еңку жер шалып, егеулі найза қолға алған Исатай—Махамбет сынды неше

алуан ерлердің жаугершілік пен отарлау, қанау, құлдық пен езгілікке қарсы күрестерінің үні шығар... Қалай десек те терістіктен ызғарлы жел еседі.

*Күн еңкейе бастаған шак,*

*Екінді.*

*Табиғат та бір нәрсеге бекінді.*

*... Жер астында жатса-дағы*

*Бөкей хан.*

*Шекараны қорғап жатқан секілді.*

Экспедиция өз жұмысын аяқтады, біз ауылға қайтып келеміз...

## АРАЛТӨБЕНІҢ АЛТЫН АДАМЫ

Қандай халықтың да бүгінімен қоса өткені бар. Өткеніне үңілу арқылы өркенін табасың, ошкенін жаңғыртасың. ғаламшардағы басқа елдер сияқты Қазақстанның да таңғажайып тарихы, адам сенбес ақиқат-шындықтары бар. Олар жылдар өткен сайын сырын ашып, тұңғышына терең бойлатуда. Соның бірі өткен ғасырдың соңғы жылы ашылған мына бір жаңалық десе де болады.

Расында да бұл жаңалық, қала берді ғажайып үрдіс. Қазірде Қазақстан тарихы, оның археологиясында “Аралтөбе”, “Аралтөбенің, болмаса жалпы түрде Атыраудың алтын адамы” деген сөздер жиі айтылады. Олай болса, сол Атырауды екінің бірі біледі, ал “Аралтөбе” дегеніміздің өзі не, ол қай жерде? Алтын адам ба? Ол қайдағы адам?

Қарапайым қаймана қазақ әлгіндегі тосын атауларды естігенде, алдымен, осындай сұрақтарға кезігіп, түрлі жауаптар іздейтіні белгілі. Шындығында Аралтөбені ескермегенде, “алтын адам” деген атаудың өзі тарихта өте сирек және сараң айтылады емес пе? Мүмкін содан ба, бұл сөз тарихы терең Қазақ топырағында үшінші рет айтылып отыр. Міне, осы төңіректе аз-мұз ой орбітіп, сөз сабақтау керек-ақ. Алдымен алтын адам туралы бірер сөз.

Ағашқысы, жетпісінші жылдардың басы, дәлдеп айтқанда 1970 жылдың 22 сәуірінде Алматы облысының Есік қаласынан табылған болатын. Темір дәуіріндегі сақ қосемі деп есептелетін бұл адамның жас шамасы 17-18-дер төңірегінде. Қабірі ағаш қақпақпен жабылып, темір құрсаулармен бекітілген, адам қойылатын жерінде бағалы металдық жапсырмалармен

безендірілген төсеніш бар. Алтын адам киімі 4 мыңға жуық алтын әшекейлермен өрнектелген. Олар барыс, бұлан, таутеке, арқар, жылқы, түрлі құс бейнелерін беретін аңдар стилінде жасалынған. Жакұт тасты алтын сырға мен алтын ақша, бешпет жеңдері мен шалбар балақтары алтын тоғалармен көмкеріліп, саусақтарында алтын жүзік, жанында семсер, темір қанжары бар бұл ханзада шамамен біздің заманымызға дейін 5-4 ғғ. өмір сүрген. Ал, тағы бір алтыны мол адам 1998-2000 жж. аралығында Ә.Х.Марғұлан атындағы археология институтының бөлім меңгерушісі З.Самашевтің жетекшілік етуіндегі халықаралық экспедицияның Шығыс Қазақстан облысындағы Қатонқарағай ауданы Берел қорымындағы ру қосемдерінің бірі. Қима қабірге жерленген бұл сак бекзадасының үстіндегі оқаланған киім, сондай-ақ осы мүрдемен бірге қойылған он үш аттың басындағы оқ қағар сауыты мен жалындағы әшекейлер, олардың ер-тұрмандары ежелгі сак өңірінің ғажайып қолтумасы болып есептеледі. аталмыш ертұрмандардың қай-қайсысы да қатты ағаштан аса бір шеберлікпен шабылып, олардың сырттары, киім өңірлері әр түрлі аң бейнелеріндегі грифондар мен сфинкстер түріндегі алтын жапсырмалармен қапталған, безендірілген. Қазақстан археологтарының аталмыш жаналығын еліміз жерінен табылған Алтын адамдардың бірі деп орынды мақтаныш етеміз. Атыраудан табылған алтын адамның алдыңғы адамға қарағанда қандай ерекшеліктері бар дейтін болсақ, оған да біраз тоқталып, сыр ақтаруға тура келеді.

Тегінде Қазақстан археологиясы, соның ішінде Атырау өлкесінің өткені, ескі қалалар мен қорымдар тарихы ауыздан ауызға аңыз болып тарағаны болмаса, әлі күнге толық ғылыми негізде жүйеленіп, бір ізге түскен жоқ.

Түскенінің өзі орыс, шетел саяхатшылары мен әскери картографтардың отарлау, жаулау, ең алдымен өлкенің табиғи шикізат қорларын анықтау бағытындағы барлау, анықтамалық мәліметтер. Сайып келгенде оның өзі де жоқтан жақсы, көңіл қуантады. Аталған олқылықтың орнын толтыру және қазақ мемлекетінің алғашқы астанасы — Сарайшық қаласының орнына қазба жұмыстарын жүргізу ниетінде соңғы жылдары республика ғылыми академиясына қарасты Ә.Х.Марғұлан атындағы археология институтының Батыс Қазақстан ғылыми экспедициясы (жетекшісі

З.Самашев) жүйелі жұмыс жүргізуде. Негізгі нысаналары Сарайшық қаласының орнын ғылыми негіздеу болғанымен, осы өлкедегі археологиялық орындарды табу мен тіркеу, сөйтіп тұтас Батыс Қазақстан өңірінің археологиялық картасын жасауды мақсат тұтқан экспедиция бұл бағытта, Жайық өзенінің шығыс бетін зерттеуде біраз жұмыстанды. Алғашқы жылдың өзінде (1989 ж.) тарихи шежірелерге бай Қайнар бойы, Иманқара, Қойқара, Сарықамыс, Үстірт төңірегіндегі көне қорымдар мен қорғандарды картаға түсірген археологтар Ұшқан ата, Маңсуалмас, Қособа, Жезді, Қызыл үйік мекендерінде де болды. Тіпті Үстірттегі Токсанбай қазба орны кұпиялары әлемдік ашылулар қатарына жатады десе де болады.

Міне, сол 1989 жылғы тіркеу, ескі қорымдарды белгілеулер ішінде Аралтөбе орны да бар еді. Ол Жылыой ауданының терістік шығыс бетінде, дәлдеп айтсақ бұрыңғы “Коммунизм таңы” кеңшарының орталығы – Ақкиізтоғай аулынан шығысқа қарай әйгілі Ақмешіт (Бекет әулие ата-анасының мәңгілік көз жұмған жері) ғибадатханасының оңтүстік батысындағы алты шақырымдықта орналасқан. Жергілікті тұрғындар бұл мекенді “Құлшан әулие қауымы”, болмаса “Құлшан атаның қара жалы” дейді. Тегі жағынан Байқошқар кете (ру аты) болып келетін Құлшан әулие осыдан 160 жыл шамасы бұрын дүние салған, Бекет атаның туған күйсеу баласы. Кезінде сол Бекеттің өзі “Төменнен келе жатқан жолаушы атаулы Құлшанға кеп, ат басын тіресе, жоғарыдан құлдиланған, сірә да, менен аспайтын шығар” деген екен. Ендеше бұл аралық өткен заманнан әулиелер мекені, киелі орын саналады. Осы киелі орында тым ертеден келе жатқан тағы да көне қорымдардың барлығы, кейбірі сол 1989 жылғы Қазақстан археологтары картасына да түскен болатын.

Бірақ қашан да әр істің бастамашысы мен қолдаушысы болады. Сайып келгенде Атырау өңірі археологиясын зерттеуге соңғы он жылда мұрындық болған ат арқасындағы азамат, белгілі қоғам қайраткері Иманғали Тасмағамбетов екені белгілі. Ол қай қызметте жүрсе де өзі туған өңір тарихының зерттелуі, оған деген лайықты ғалым-жанашырлардың іріктелуі, қаражаттың табылуына ылғи да назар аударып отырады. Оған қоса тоқсаныншы жылдардың аяғында Атырау облысына әкім болып келуі аталған істі одан бетер жандандырып, нақты жұмыстардың қайтадан өрістеуіне себепші

болды. Осыған сай археолог-ғалымдар өздерінің 1989 жылғы және одан кейіндегі жүргізген археологиялық барлаулары мен тіркеулерін қайтадан қарап, тиянақтау, зерттеу жұмыстарын бұрынғыдан да тереңдетті.

1999 жылы археологтар бірден үш бағытта жұмыс істеді. Олар – негізгі нысаналары болып табылатын орта ғасырлық Сарайшық каласы орнына жүргізілетін қазба-зерттеу жұмыстарын одан әрі жалғастыру, бұған дейін Қазақстан археологтары назарына іліктеген Құрманғазы ауданының археологиялық картасын жасау және Үстірт үсті, Жылыой бойындағы бұрыннан белгілі ескі қорым, мекендерді тереңдей зерттеп, нақты қазба жұмыстарын жүргізу.

Әрине, Сарайшық – Алтын Орда дәуірі, оған дейінгі және кейінгі кезеңдерді кешенді түрде алып, ұзақ және түбегейлі зерттеу, жүргізілген қазба жұмыстарын ғылыми жүйелеу арқылы бір ізге келтіретін іс. Ал Құрманғазы аудандарындағы барлау ісі бар-жоғы бірер айда өз нәтижесін берді. Түрлі кезеңдерді дәлелдейтін 86 нысан белгіленіп, нақты картасы жасалынды. Бұл ретте аталған өңірдегі Бессоқы, Азғыр мекендеріндегі қорымдар археолог-ғалымдарға үлкен үміттер күттіреді.

Үстірт, Жылыой бойындағы жүргізілген жұмыстардың орны тілтен бөлек. Олардың өзі үш топқа бөлінеді. Әуелгісі Тоқсанбай тұрағын тағы да тереңдей зерттеп, нақты барлау жасау. Өйткені бұл – аталмыш археологтардың соңғы жылдарда ерекше назар аударып отырған ең маңызды тарихи орны.

Соган сай Тоқсанбайдағы археологиялық зерттеу жұмыстары 1999 жылы одан әрі жалғасып, тақырыптық, геобиологиялық барлауларға ұласты. Ондағы үйлердің салыну ерекшеліктері мен формалары анықталынып, құрылыс горизонттары белгіленді. Қоныстың тарихи даму кезеңдері анықталынды. Аталған өңірге (Қызылүйік, Тоқсанбай, Жезді тұрақтары, соңғы екеуі Маңғыстау облысының Бейнеу ауданы территориясында) Нидерланды корольдігінің елшілігі, венгер археологтары қызығушылық танытып, республика Ғылым академиясының белгілі палеозоолог, топырақ өсімдіктанушы ғалымдары – биология ғалымдарының докторлары Қ.Файызов, И.Аслимбаев, Т.Нұрымов, басқа да ғалымдар апталап жатып жұмыс істеді. Олар қазіргі және бұдан төрт мың жыл бұрынғы топырақ құрамдары мен өсімдік және жануарлар дүниелерін саралады.

Адамдардың осынау жылдардағы өмір сүру ерекшеліктеріне ден қойды. Атап айтқанда, қазірде осы өңірде шөл мен шөлейт аймаққа бейімделген 200-ден астам өсімдік өсетін болса, адамдар ғалымдар зерттеген сол кездің өзінде қой, ешкі, жылқы, сиыр сынды үй жануарларымен қоса түз тағылары — құлан, муфлон, киік еттерін же жеген. Қасқыр, қарсақ, түлкі аулаған, аң терілерін пайдаланған. Күнделікті тұрмыста есек күшін де қолданған. Ол кезде де металл өңдеу, қола, мыс құралдарын пайдалану әдетке айналған. Егін шаруашылығымен де айналысқан.

— Міне, осындай өзіндік сыр, құпиялары бар Тоқсанбай, оған іргелес және бір сипаттағы, кейінгі кезде анықталған Айтман, Манайсор (оның өзі де үш қоныстан тұрады) тұрақтары келешекте кең көлемде зерттелмек. Ол үшін, ең алдымен, таяу уақытта аталған жерлердің геофизикалық картасын жасау керек. Біз бұл жұмысқа өріптестер арасында біраз тәжірибесі бар неміс ғалымдарын шақырмақпыз. Венгерлік археологтардың да аталған іске белсене араласпақ ойы бар. Таяу жылдары мұның бәрі жүзеге асады деп отырмыз, — дейді экспедиция жетекшісі, тарих ғалымдарының кандидаты Зейнолла Самашев.

Батыс Қазақстан археологиялық экспедициясы бұлардан басқа біздің дәуіріміздің X ғасырында-ақ (1922) араб жиһанкезі Ахмед Ибн Фадлан жазбаларына іліккен Жездідегі оғыздар қаласы, Бәйте қорымдарына да ғылыми барлау-зерттеу жүргізді. Әрине, олардың бәрін әлі де нақтылау, анықтау керек. Жүргізілген қазба жұмыстарын жүйелеп бір ізге келтіріп, бұрыннан бар тарихи деректермен салыстырған дұрыс. Бұл ретте жыл сайын игі нәтижелерге қол жеткізіп келе жатқан экспедицияға деген сенім мол. Ендігі міндет — әлгі айтқан қолда барды саралау, жүйелеу мен ғылыми негіздеу ғана.

Ал екінші нысан — Жылыой өңіріндегі бұрынғы “Қосшағыл” кеншарының алыс мал жайылымында орналасқан, немесе әлгі айтқан Тоқсанбайдан терістікте 51, аудан орталығы — Құлсарыдан шығыста 250 шақырым қашықтықтағы Қызылүйік ескерткіші аталмыш археологтардың сол жылғы тағы бір ден қояр ірі жаңалықтарының бірі еді. Осынау екі мың жылдан астам тарихты ішке бүккен ғажайып ғибадатхана сармат дәуірінің Арал—Каспий теңіздері аралығындағы теңдесі жоқ ірі архитектуралық туынды. Адамдардың шаман дініне бас ұрып, Күнге табыну, соғыс құдайын пір тұтқан кездегі бұл



ескерткіш алып жатқан аумағының молдығына қарамастан, қазақ археологиясында тұңғыш рет еш техниканың көмегінсіз қол күшімен аршылып, атқарылды. Осының өзі-ақ ондағы қазба жұмыстарының өте сақтық, қырағылықпен жүргізілетіндігін көрсетпей ме?

Ғибадатхананың ерекшелігі сол — үстіңгі диаметрі 14-15 метр төменгісі — 60 метр көлеміндегі бұл дөңгелек ескерткіштің сақталған биіктігі бес-алты метр шамасында, екі сатылы. Әзіргі болжам бойынша ғибадатхананың үстінде биіктігі 2 м. астам күмбезі болған. Жоғарғы сатысындағы кабатта жылда белгілі бір күндерде діни мейрамдар өткізіліп, құрбандықтар шалынған. Құрбандық малы тек қана алтын түстес, немесе жирен, құла жылқылар болады екен. Аталған рәсімге сол төңіректің күллі тұрғындары түгел қатысып, тамашалайды және құрбандық қанын үстері, беттеріне жағып, шенбер құрып, билейді, ән салады, құдайларынан шапағат, рақымшылық күтеді.

Ғибадатхана — айналасы Үстірттің терістік сілемі түстікке созылған Доңызтаудың жалданып, өркештенген дөңдерімен көмкерілген тегіс жазықтық нақ ортасына орналасқан. Ескерткіш төңірегін айнала адам мүсініндегі тік, балбал тастар қоршаған. Арасы 5-6 қадамнан аспайтын сол ескерткіштердің тізілген бір алуаны, ғибадатхананың оңтүстік шығыс бетінде доғаланып бір шақырымға созылады. Мүмкін осы жартылай шенберленген тік тасқа құрбандық мерекесіне келген мұриттер көліктерін байлап, өздері солардың жанында сап түзеп, дін басы-абыздардың ғажалиялық уағыздарын тындаған шығар. Содан соң бәрі сарматтардың ежелгі заңы бойынша орталық есігі түстікке қараған (олар өліктер басын да оңтүстікке қаратып қояды) ғибадатханаға кеп, бас сұғады, құдайшылық рәсімдеріне қатысады.

Тегінде балбал тастар Қазақстанның батыс өңірінде өте сирек кездеседі. Ал Қызылүйік ескерткіштерінің ерекшелігі мұндағы балбалдар негізінен екі түрлі, яғни бірі — ерлер мүсінін бейнелесе, екіншісі — әйелдер кейпін береді және олардың өзі көбіне жауынгерлік сипатта болып келеді. Осы арада таңқаларлық тағы бір өзгешілік, ерлері аяқтарына саптама етік киіп, екі бүйіріне екі қанжар тағынса, әйелдер денесінде екі жағына қоса, кіндік тұсында көлденең тағы бірін, яғни үш қанжар тағынады. Неге? Бұл әлі сыры ашылмаған құпия. Бірақ бұнда атакты Геродот айтқан бір шындық бар. Ол — “Сақтардың әйелдері еркегінен өткен жауынгер” болғандығы.

Қызылүйіктің екінші бір құпиясы, осы ғибадатхана төңірегінен сол кезде (осыдан екі мың жыл бұрын) сарматтардың ел таңбалық белгісіне айналған белбеу тоғасы, болмаса қауым, тайпа жалауы, туына салынған белгінің табылуы. Күмістен құйылған бұл белгіде айдаһардың бет бейнесі мен түркілер төңірі – көк бөрінің тұтас түркі сомдалған. Сөз жоқ бұл тарихтан белгілі болған сарматтар мен римдіктер арасындағы қайта-қайта соғыс, екі елдің бір-біріне ауысқан жауынгерлік дәстүр (өйткені римдіктер жалауында да осындай белгілер жиі кездеседі) ерекшеліктерін көрсетеді.

Ал бұл белгі ғибадатхана маңынан (негізінен доға текті тік тастар жанынан) қалай табылды дегенге экспедиция жетекшісі “Жоғардағыдай құрбандық шалу кезінде мейрамға келген үмбеттер садақа, нияз ретінде бойларындағы қымбат дүниелері – жебе, сырға, түйме, білезік, белбеулерін (тоғасы) тастап, лақтыратын болған. Оны ешкімнің алып, пайдалану құқы жоқ. Ал ондай заттар Қызылүйік айналасында молынан кездеседі”, – дейді.

Сайып келгенде Қызылүйік осы өңірдегі көптеген ғибадатханалардың ең үлкені. Шындығында біз айтып отырған құдайшылдар (мінажат) үйінің батыс және түстік беттерінде 6-10-12 шақырымдық аумақта Қызыл құыс, Тас астау (оның өзінде үш жерде), Қайнар, Молшылық мекендерінде басқа да ғибадатханалар мен мешіт, медреселер орны бар. Бірақ олардың бәрі де шағын дүниелер. Әйтсе де келешекте Қызылүйік және оның төңірегіндегі басқа да ескерткіштер кеңірек зерттеп, тиянақты толғау, мол пайымдауларды қажет етеді. Әрине, оның бәрін уақыт көрсетер деп ойлаймыз.

Үшіншісі, сөз жоқ, біздің осы жолғы әңгімілетелі отырған Аралтөбе қорымындағы қазба жұмысы еді. Жоғарыда айтқанымыздай Қазақстан жерінде шетелдік ғалымдармен бірлесе жұмыс істеп, айтарлықтай жаңалықтарымен ел қуантып жүрген белгілі археолог З.Самашевтің бұл жолғы күрегі тағы да үлкен істің үстінен түсті. Шындығында Құлшан әулие қауымына жақын тұс болса да, картаға “Аралтөбе” деген атаумен белгіленген беймәлім қорымнан алтын адам табылды. Оның өмір сүру кезеңі осыдан екі мың жыл бұрынғы – сарматтар дәуіріне жағады. Ғалымдардың анықтауынша аталған көсемнің қаза табу кезеңі біздің дәуіріміздің 129 жылы деп тұжырымдалуда.

Оқырманға түсінікті болу үшін, сарматтар дәуірі дегеніміз не, ол қай кезен адамдары мен мекендеу орнына да аз-мүз тоқталып, түсінік бере кетейік.

Сармат — біздің заманымыздан бұрынғы үшінші ғасырдан біздің заманымыздағы төртінші ғасыр аралығындағы Тобылдан Дунайға дейінгі ұланғайыр жазықты мекендеген иран тілдес тайпалардың жалпы атауы. Сарматтар тарихы савроматтармен тығыз байланысты. Ғалымдар сармат тайпаларының языг, роксолан, аоре, алан одақтары осы савроматтардан бөлінген болуы мүмкін деп топшылайды. Олар негізінен көшпенді, мал шаруашылығымен айналысқан. Бастапқыда аздаған бөлігі отырықшылықта, егіншілікпен де шұғылданған. Бірақ кейіннен рулық ыдыраушылық, дәулеттілер мен жауынгер топтардың алауыздығынан топтарға бөліну матриархаттық қасиеттердің біртіндеп жойылуына әкелген. Сөйтіп олар Евразияның оңтүстік бөлігіндегі қоныс тепкен Еділ бойы мен Оңтүстік Орал таулары, қазақ даласындағы қалалар мен егінші отырықшыларға араласу, өздерінің мешеу қалған мал шаруашылығын күрт дамыту, сауда-саттық пен жаугершілік, басып алу мақсаттарын біртіндеп жеделдетіп, Кавказ алды жазығы, Донның оңтүстік беті, Солтүстік Қара теңіз жағалауына алғандығын білдіреді.

Сарматтардың скифтермен одақтасып, Диофакт әскерлеріне қарсы шығуы, Боспор әулеттерінің өзара жауласу соғыстарына қатысуы олардың халықаралық істерде белсенді саяси күшке айналып, тұрмыстары мен қоғамдық өмірлері, әскери істеріне де әсерін тигізеді. Сарматтардың шығыс тобы экономикалық және саяси жағынан Орта Азия мемлекеттерімен, әсіресе Атырау мен Үстіртке іргелес Хорезммен тығыз байланыста болды. Қашаннан жауынгер, өзінен гөрі өзгелердікіне көзі қарайып, қызыққыш сармат-алан тайпаларын төртінші ғасырда гүндар талқандады. Евразияның оңтүстік шығыс Европа мен Азияның славян, солтүстік Кавказ, негізінен түркі тілдес тайпаларымен араласып, кірігіп кетті. Бірақ осы күнгі осетин халқы құрамындағы сарматтар өз тілінің негізін сақтағандар болып есептеледі.

Әңгіме аужайында әлгі айтқан Аралтебемізге қайта оралып, ондағы қорым ерекшеліктерін ежелесек, диаметрі жиырма метрге жуық, шығып келе жатқан (сол кездегі діни нанымдарға сай) күннің шапағын елестететін дөңгелек кейіптегі қорым 12 бөліктен тұрады. Мұның өзі “бәріміз де сол күннің шапағынан жаралғанбыз, адамдар өмірі жылмен өлшенсе, жылдың өзі 12 айдан тұрады” деген ұғымды береді.

Қазба жұмыстары кезінде Аралтөбеде үш зират қазылды. Тым ертеде тоналған алғашқысынан адамдар қанқалары мен олар қолданған шыны, моншақтар, жебе масақтары (ұштары) мен қанжар сынықтары табылды. Толық тоналмаған тағы бірінен басы оңтүстікке қаратылып шалкасынан салынған мүрде жанынан жүзден астам жебесі бар қорамсақ, бүйірлі қыш құмыра, темір қылыш кездесті. Аталмыш ескерткіштің құндылығы да сол — бұған дейінгі сарматтар дәуірі ескерткіштерінен темір қылыш (түркі тұқымдастарға тән қайқы қылыш) кездеспейтін де, есесіне бірлі-жарым қанжарлар мен семсерлер ғана табылатын. Осыған сайып қылыштың пайда болу кезеңін баяғы сол Европаға таңып, ондағы адамдар өмір сүрген төртінші, бесінші ғасырға апарып жапсыратынбыз да Азияда бұл үрдіс көне түркі тайпаларындағы әскери істердің дамуымен байланыстыра қарайтынбыз. Ал өз өлкемізден табылған бұл қару тарихта айтылып, керек десе ұстанып жүрген бұлжымас қағиданы төрт-бес ғасырға әрі жылжытып, аталмыш қару ғұмырын біраз жылға ұзартты. Немесе оны өмірге әкелген кәдімгі Атырауда, қашаннан әулиелер мекені болып есептелетін Жылыойда жайлап, тірлік қылған сармат тектес халықтар тарихымен байланыстыра қарауға мүмкіндік туды. Бұл, сайып келгенде, тарих үшін үлкен жаңалық, соны құбылыс.

Сондай-ақ үшінші қазылған зираттың да отандық археология үшін әкелер жаңалығы мол болды. Ол — осы арадан Қазақстан тарихы үшін үшінші алтын адамның табылуы еді, дәлдеп айтсақ, аталмыш зираттан сол баяғы сармат дәуіріне жататын ерлі-зайыпты адам мен олардың аяқ жағынан екі жылқы және қыран тақылеттес құс қанқалары кездесті. Кезінде біраз тоналған бұл зираттың басқаларға қарағанда ерекшелігі әлгі адамдардың, әсіресе, отағасының кеуде киімі өте бай асыл бұйым — алтын әшекейлермен безендірілген. Керек десеңіз шашын түйген байламшасы, жанында жатқан қару-жарақ, қорамсақ жиектері, асатаяқ тұтқасындағы самұрық бейнесіне шейін алтынмен апталып, оймышталған. Шалбарының екі қапталы, балағының төменгі жиегі бағалы металмен жиектеліп, көмкерілген. Ал әйелі жанында сырға, сақина, басқа да әшекей бұйымдар сақталған. Бейіт сырты биіктігі 1,5-2 метр тұратын ұлуастардан сомдалған, балбал сақшыларымен қоршалған. Шамасы аталған асыл мүрдені әлгі тас мүсіндер, егер өз мағынасында айтсақ қалғымайтын күзеттер бағады.

Тереңдігі екі метрден астам қабір іші биік-биік нар қамыстармен көмкеріліп, үстінің ең сыртқы қабаты балық қабыршағы үлгісіндегі

жалпақ тастармен жабылған. Немесе мүрдеге ыза өтпейді, жоғарысынан су ақпайды. Мұның өзі маркомдардың, әсіресе ер адамның кезінде ортасына белгілі тұлға, мәселен, тайпа көсемі, яғни қолбасы және дін басы, абыздық пен батырлықты қатар иеленген, әрі құс салып, ит жүгірткен саяткер-аншы адам болғандығын дәлелдейді.

Экспедиция жетекшісі Зейнолла Самашевтың Аралтөбеден табылған олжаларды ғылыми негізде жүйелеп қайтадан қалпына келтіруін республикадағы белгілі суретші-жаңғыртушы Қырым Алтынбеков материалды түрде жүзеге асырды, қазір оны Атырау облыстық тарихи-өлкетану мұражайына әкеліп қойды. Бұл жоғарыда айтқанымыздай, әзірге республика тарихындағы үшінші, ал тәуелсіздік алған жылдар ішіндегі, екінші алтын адам. Киімдегі өрнектер өлшемі, ондағы тайпалық, ерекшеліктер мен дәуір сипатын бейнелейтін сурет, сызба табиғатын танытатын қасиеттерін алғанда тіптен ғажап.

Мәскеудегі Ресей ғылым академиясының Н.Н.Миклухо-Маклай атындағы антропология және этнология институтының антропология лабораториясында биология ғылымдарының кандидаты, аға ғылыми қызметкер Е.В.Веселовскаяның жетекшілік етуіменен бет-әлпеті қалыпқа келтірілді. Олардың айтуынша сүйек орташа қалыпта сақталынған, әу баста көзі тірісінде бес тісі түскенге ұқсайды, бірақ кейінгі шақта түрлі себептерге орай (тонау, қазу кездерінде) барлық тісінен айырылған мүрде иесінің қаза табу жасы 45-50-лерден аспайтын көрінеді. Марқұмның денесі ірі, әсіресе жақ сүйек, шүйделері мол. Мұрыны да қомақты, жазық маңдай. Сондай-ақ тарих үшін үлкен мәні бар темір қылыш та реставрациядан өтті.

Сөйтіп, осыдан жиырма ғасыр бұрын өмір сүрген сармат көсемі — алтын адам мүрдесі табылып, оның тұлпып күйіндегі сомдалған бейнесі Атырау облыстық мұражайынан және Астанадағы Президент Мәдени Орталығынан мәңгілік орын алды. Оның бүгінгі және келешек ұрпақ үшін ақтарар сыры мол. Сайып келгенде, тарих тағлымы, өткеннің өркенді өнегесі дегеніміз де осы шығар. Өйткені бұрынғыға қарап, бүгінгі саралау, бағамдау қашанғы әдетіміз және бұлжымас борышымыз емес пе?! Ендеше алтын адам — тек алтындығымен емес, сол арада өмір сүрген халықтардың арғы-бергі тарихы, табиғи болмысын ақтарар мол шежіре, ғажайып мұра.

## МАЗМҰНЫ

Қыр хикаялары .....	3
Шежірелі Иманқара .....	6
Жылыойға түскен десант .....	8
Ас беру – ата дәстүрі .....	19
Ұшқанда өткен кеш .....	26
Құдықшы немесе шыңыраулар .....	29
Жездідегі оғыздар қаласы .....	38
Толғауы тоқсан Тоқсанбай .....	42
Желтау – Абылдың Отаны .....	47
Ендігі бағыт – Еділ бойы .....	52
Қажымұқан Астраханьда .....	53
Жыңғылдыкөлден Алматыға .....	55
Аралтөбенің Алтын адамы .....	61

Өтепберген Әлімгереев

Дала дауысы  
Олкетанушы жазбалары

Редакторы Ә.Ақпанбетұлы  
Суретшісі Н.Нұрмұханбетов  
Техникалық редакторы Ә.Қатайқызы

ИБ № 208

Терімге 04.05.2003 жіберілді. Басуға 11.06.2003 қол қойылды. Пішімі 84x108 1/32. Офсеттік қағаз. Шартты баспа табағы 5,5. Есепті баспа табағы 4,5. Таралымы 500. Тапсырыс 8.

480091, Алматы,  
Главпочтамт, а/ж 355  
“Арыс” баспасы  
тел./факс: 916 628, 916 692  
E-mail: aris@nursat.kz

---

ЖШС “Мария” баспаханасы.  
480012, Алматы қаласы, Сейфуллин даңғылы, 555а,  
тел.: 630 944

күй орындамайтын казак “Наратуды” сол дәстүрді бұзып, реквием дәрежесіне жетеді деп тұрса, не деп уәж айтарсыз. Ақыры дұрыс та.

Қош, бәрі де жөн-ақ. Бірақ сол шығармаларды бүгінгінің күй білмес, түсінбес дарақылардың арасында емес, дара отырып, өзіңмен өзің, кітаптың оқуы өткен жаттанды күйшілер емес, халықтың өз ортасынан, кәдімгі табиғи құлақ, көз, саусақпен үйренген ерекше дарын Ғатау Ибішев сынды ерекше дарын, шебердің саусағынан тындасаныз. “Беу!” деп бір қойыңыз. Күйге шөліккеген ындыныңыз канып, ымыра-алғысыңыз төгілер еді-ау!

Құдайшылығына келсек, Абыл – күй тәңірісі, саз сүлейі. Одан тәлім-тәрбие алған Есбай Балұстаұлының өзі “Ақжеленнің” алпыс екі түрін шығарып, орындапты деседі. Сол Есбай өмір бойы өнерден ләззат тауып, бала-шаға, мал-мүліктің бәрін жиып тастап, соңғы демін де күймен үзіпті. Бір қарағанда Есбай өмірінде жәй нәрсе жоқ, бәрі де қым-қиғаш қарама-қайшылықтарға толы. Әрине, оның бәрін дәл қазір санамалап, айтып жату мүмкін емес. Бірақ оның соңғы “Өттің дүние” күйінің шығу тарихына ден қойсақ, ел ішінде Тазбала атанған Есбайдың қаншалықты қайталанбас дара тұлға екендігін білуге болар еді.

Қашан да Кіші жүздің кіндік тұсы деп Сағыз, Мұқы, кейде Кең Жылыой, болмаса Көкжарды атайды. Әрине, соңғы екеуі—бірі қалың Адайдың жоғарыдан төмен, не ойдан қырға, көктем мен күзде әрі-бері құлағанда аяқ созар алқабы болса, екіншісі – жәрменкесімен жан жинап, ағайын тоғыстар ұйығымен ғана аталатын шығар. Әйтпесе анау айтқан реті де шамалы.

Әңгіме онда емес, әйтеуір сол Көкжар жақтағы көленкесі ұзын, көкірегі ояу правитель Каналы төре қыз ұзататын болып, Кіші жүздің үш анасына түгел хабар салады. Онда палуандар белдесуі, алтын қабақ ату, ат жарыс, ақындар айтысы, тағысын-тағы жарыстардың бәрі өтеді. Жыршы-термеші, әншілер атаулы да қалмасын деп хабарланады.

Бұл Есбайдың өмірде де, өнерде де есейген тұсы болса керек. Сонда да он екі ата Байұлы атынан күй сайысына қатыспақ болып жолға шығады. Сөйтсе әлімдерден Тоғызбай, Жетірудан он жеті жасар Науша қыз кеп, алдын ала көл жағасына оңаша киіз үй тіктіріп, дайындық үстінде екен. Есбайдың әзірлігі өзінде, ауыл-ауылды